



● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ



"Жас Отан" – жасампаздар ұйымы

**Айтолқын
АЙҚАДАМОВА**

Қаламызда "Жас Отан" жастар қанатының IV кезектен тыс облыстық конференциясы болып өтті.

Жас отандықтар Достық үйінде басқосты. Белсенді буын өкілдері "Жас Отан" жастар қанатының 2020 жылға дейінгі стратегиялық құжатын талқылады. Жиынға қаты-

сушылар ұсыныс-пікірлерін білдіріп, жастар саясатын дамыту ісіне жаңа бағыт беретін жобаларын таныстырды. Сонымен қатар, республикалық съездге қатысатын делегаттар сайланды. "Жас Отан" ЖҚ Қостанай облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Телетаевтың айтуына қарағанда 10 сәуірде өтетін съездге Қостанай облысынан 71 делегат баратын болды.

Пікір алмасу алаңында жиналған жастар өз ойларын еркін білдірді. Бірі жастардың басқосулары мемлекеттік

тілде өтсе екен деген ұсынысын білдірсе, енді бірі мемлекеттік жобалардың жастар үшін тиімділігін сөз етті. Сонымен қатар соңғы 2 жыл ішінде атқарылған жұмыс нәтижелері де талқыланды. Өңірдің белсенді буыны сәуір айында өтетін республикалық съездге өз ұсыныстарымен аттанғалы отыр. Осы сапарға аттанғалы отырған жастың бірі – Насыролла Ахменов.

2-бет

СУРЕТТЕ: басқосу барысында.

"Менің Қазақстаным" пойызы Рудныйда болды

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Жұма күні Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын ұлықтауға арналған "Менің Қазақстаным" пойызы Рудныйға атбасын тіреді. Кеншілер қаласының тұрғындары құрамында ҚХА делегаттары, халық қалаулылары, Үкімет мүшелері мен медицина саласының қызметкерлері бар үгіт пойызының мүшелерін құшақ жая қарсы алды.

Бұл күні ән әуелеп, шашу шашылып, Рудный вокзалы бір мезгілде думан алаңына айналды. Салтанатты шеруде сөз алған қала әкімі Бақытжан Ғаязов ын-

тымақ пен достықты ту еткен Ассамблея жылының маңыздылығына тоқталып, мәртебелі қонақтардың жұмысына табыс тіледі. Одан әрі пойыз мүшелері



әлеуметтік, заң және бизнес сұрақтары бойынша қоғамдық қабылдауды жүргізсе, медицина саласының үздік мамандары қалалық емхана мен ауруханада тұрғындарға тегін кеңес беруге кірісіп кетті. Осы күні, әсіресе, ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің департамент директоры Рысты Жұмабекова басқарған топ өнімді жұмыс істеді.

—Біз жұртшылықты мазалаған сұрақтардың бәрін жазып алдық және бұл мәселелерді ертең тиісті орындардың назарына ұсынамыз. Ұсынып қана қоймай осы мәселелердің уақытылы шешілуін бақылауға аламыз, — дейді Рысты Мағауияқызы.

Былтыр ашылған "Мерей" әлеуметтік қызмет көрсету орталығы қонақтардың назарынан тыс қалмады.

2-бет

● БӘЙГЕ!

«Батаменен
ер көгерер»

Құрметті оқырман!

«Қостанай таңы» газеті редакциясы Наурыз тойы қарсаңында «Наурыз бата» бәйгесін жариялаған болатын. Бұл жобаны газет оқырмандары бірден қолдап, белсене қатысты. Бәйгеге түскен бата үлгілерінің көпшілігі газетте жарияланды да. Біз бүгін ағынан жарыла ақ батасын берген барлық авторларымызға алғыс айта отырып, бұл бастама оқырман өтініші бойынша енді «Батаменен ер көгерер» айдарымен жыл бойы жалғасатынын еске саламыз.

Басты талап — халқымыздың игі дәстүрі негізінде төгіліп тілек айтып, батаны бүгінгі үрдіске сай түрлендіру... Көлемі төрт-бес шумақтан аспағаны жөн.

Таңдаулы деген туындылар газет бетінде жарияланады.

Редакция алқасы.

"Менің Қазақстаным"
пойызы Рудныйда
болды

1-бет "ҚХА - 20 қайырымды іс" эстафетасы аясында пойыз басшысы Ғазиз Телебаев орталыққа 150 мың теңгенің сертификатын табыстаса, Рудный қаласы әкімінің орынбасары Мақсұт Досболов түрлі жарыстардың жеңімпазы атанып үлгерген І-ші топтағы мүгедек Юлия Калининаға биге арналған арбаны сыйға тартты. Түс ауа Рудный индустриялық институты базасында "Ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісі", "Индустриялық-инновациялық ел экономикасы үшін білікті кадрларды даярлаудың ерекшеліктері" тақырыбында дәріс-таныстырылымдар өтсе, білім ордасының фойесінде "Менің елім — Мәңгілік ел" атты фото-кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кешке қарай пойыз делегаттары, әкімдік пен БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте жұмыс күні қорытындыланды. Белгілі болғандай, қоғамдық қабылдаулар мен медицина қызметкерлерінің көмегіне ұзын саны 100-ден астам тұрғын жүгінген. Олардың жартысына жуығының мәселесі сол жерде шешімін тапса, қалғаны әкімдіктің жіті назарында болмақ. Брифингтен соң қаланың орталық алаңында Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Ескендір Хасанғалиев, Нұрғали Нүсіпжанов, Толқын Забиров, Жеңіс Сейдолла, Алтынай Жорабаева, Дильназ Ахмадиева бастаған бір топ өнер жұлдыздары мен "Гүлдер" ансамблі тұрғындарға арнап тамаша концерттік бағдарлама ұсынды.

Рудный қаласы.

● МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ
АЗАМАТТАР
Мүгедектер үшін
жаңа жобаҚымбат
ДОСЖАНОВА

"Үміт-Надежда" ҚБ облыстық ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. Бұл туралы аталмыш қоғамдық бірлестік төрағасының орынбасары Аруна Жақсағұлова айтты.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша кәсіпорындарда жұмыс істейтін мүгедектер туралы үш бейнеролик түсіру жоспарланады. Жаңа жобаның мақсаты мүгедектердің мүмкіндігі мол және жұмыс істеуге қабілетті екендіктерін көпшілікке паш ету. Бейнероликтің кейіпкерлері Сарыкөл, Қарасу, Лисаков, Денисов, Федоров аудандарындағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың арасынан іріктеліп болады. Аталған аудандардағы мүгедектерге жыл бойы құқықтық-психологиялық кеңестер беріледі. Жұмысқа орналасу, білім алу, тұрғын үй кезегіне тұрудың жолдары, тәртібі мен ережелері туралы ақпараттармен хабардар етпек. Сондай-ақ, үш оқыту семинар-тренингі өтеді. Оның алғашқысы үшінші сәуірге жоспарланған.

— Семинар-тренингтерде ҰЕҰ құру, әлеуметтік мемлекеттік тапсырысқа қатысу жолдары, байқау құжаттарын дайындау туралы айтылмақ. Мұндай іс-шаралардың мақсаты — мүгедектердің білімін, белсенділіктерін арттыру, — дейді "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасының орынбасары Аруна Жақсағұлова.

СУРЕТТЕ: "Үміт-Надежда" ҚБ төрағасының орынбасары Аруна Жақсағұлова.

"Жас Отан" —
жасампаздар ұйымы

1-бет

Ол "Жас Отан" ЖҚ қалалық филиалының хатшысы.

— Мен алдағы уақытта Астана қаласында өтетін үшінші съезде алғаш рет қатысқалы отырым. Сондықтан мен үшін бұл маңызды. Осы жолғы съезде бірнеше ұсыныспен барғымыз келеді. Және де сол съезде жазғы уақыт

та болатын лагерьлерде кішкентай балалармен жұмыс және педагогикалық жасақтарды құру туралы мәселелерді қозғағымыз келіп отыр, — дейді ол.

Жас отандықтардың қолға алып, атқарып жатқан шаруасы аз емес. Белсенді ұйым екі жылдан бері "Ардагерлерді ардақтайық", "Жастар — Отанға", "Сәтті

қадам" секілді игі жобаларды жүзеге асырып келеді. Ал "Жастар — Ауылға!" жобасы аясында жүзеге асқан "Кеңес орталығы" оң нәтижесін беріп отыр. Тек Қостанай облысы бойынша 18 айда екі жарым мың жас қажетті ақпар алып, орталықтың көмегіне жүгінген.

● ҰЛЫ ЖЕҢІС — 70

Ерлік естеліктері

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Қостанайлық жастар ҰОС-ның ардагерлерімен кездесті. Ардагерлер Григорий Трилецкий және Қажы Маманов соғыс жылдарынан сыр шертер мағыналы естеліктерімен бөлісті. Іс-шараны "Нұр Отан" партиясы жанындағы "Жас Отан" ЖҚ Қостанай облыстық филиалы ұйымдастырды.

Григорий Трилецкий небәрі 17 жасында Қызыл армия қатарына шақырылған. Вена шайқасына қатысқан. Григорий Трилецкий құрамында болған гвардия Вена түбіндегі шайқаста жеңіске жетіп, Венгрияға дейін барған. Вена майданындағы ерлігі үшін Суворов атындағы орденмен марапатталды. Қанқұйлы соғыстың бел ортасында болған жауынгер алдағы тамыз айында 89 жасқа толады. Оның 52 жылдық жұмыс тәжірибесі бар. Соғыстан кейінгі жылдары облыстық нан өнімдері басқармасында жұмыс істеді. Аталған басқармада 37 жыл еңбек етіп, басшылық қызметке дейін көтерілген.

— Соғыс аяқталған уақытта біз



Тын қаласында едік. Неміс шекарасынан 40 шақырым жердегі Зверковидце ауылына тұрақтыдық. Жеңіс туралы жағымды хабарды естігенде біздің жауынгерлер жылады. Ол қуаныштың көз жасы еді. Кейінгі жастарға айтар ақылым — мойымандар. Қиындықтың бәрі өткінші, — деді ҰОС-ның ардагері Григорий Трилецкий.

Ерлік туралы естеліктердің енді бір иесі — Қажы Маманов. Ардагердің өңгімесі соғысқа дейінгі жылдардан басталды. Ақсақалтың игеру тарихына тоқталып, қан майданда жүріп өткен жолын баяндап берді.

Қажы Маманов 69 атқыштар дивизиясы 65-армияның құрамында II Беларусь майданында болған. Польшаны азат етуге қатысқан. Автоматшы Маманов Ұлы Жеңісті Балтық теңізінің жағалауында қарсы алды. Соғыстан кейін Қызыл Армия қатарында қызмет етіп, 1948 жылға дейін жауынгерлік борышын адал атқарды. Елге оралған соң комсомол, партия жұмысына белсене араласты.

СУРЕТТЕ: кездесуге қатысқан қос ардагер. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Жәрменкенің пайдасы зор

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Науырзым ауданында алғаш рет "Дархан" базары аумағында аудандық ауыл шаруашылық жәрменкесі өтті. Бұл аудан тұрғындары үшін жағымды жаңалық болды.

Бүгінде жер-жерлерде халыққа тиімді болуы үшін осындай жәрменкелер ұйымдастыру қолға алынған. Бұл өндірушіге де, тұтынушыға да тиімді әдіс. Онда мал азығымен қоса азық-түлік те сатылды. Саудаға шығарылған өнімдер нарық бағасынан 15-20% төмен. Сонысымен де жұрттың көңілінен шықты.

Ауыл шаруашылық жәрменкесін аудан әкімінің орынбасары Е.Айсағалиев бастап, аудандық экономика және кәсіпкерлік, ауылшаруашылық, ветеринария, мәдениет бөлімдері мен ауыл әкімдіктері ұйымдастырып өткізді.

Жәрменкеде "Құлманов К." ШҚ — жергілікті картотың келісін — 85, жуаның — 85, кебектің қабын 550 теңгеден сатты. Ал Өлеңді ауылы "СағитовК." ЖК- теңделген шөптің бір данасын 300 теңгеден сатты. Шилі ауылы тірі қойды 25 мың, Шолақсай ауылы қойды 15-16 мыңнан сатылымға шығарды.

Бүгінгі жәрменкеге келіп сауда жасаған кісінің бірі зейнеткер Нұрахмет Тәуекелов ағамыз. Ол кісі келешекте де осындай жәрменкелердің ұйымдастырылып тұрғаны тиімді екенін алға тартты. Себебі, қазір көктем жақындаса да көп үйлерде мал азығы таусылуға шақ. Осындайда арзан бағамен



мал азығын қамдап алу керек. Оның сыртында азық-түліктің де жеңілдікпен саудаға шығарылуы тұтынушыға тиімді деген ойын білдірді.

Науырзым ауданы.

СУРЕТТЕ: жәрменке барысында.

Елін сүйген ерді еске алды



Қарлығаш
ОСПАНОВА

Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты, Палата төрағасы болған марқұм Орал Мұхамеджановтың есімі тек Қостанай, Торғай өңіріне ғана емес, бүкіл елімізге белгілі. Ол кісі өзінің ұйымдастырушылық қабілетінің, жоғары біліктілігі мен адамгершілік қасиетінің арқасында қоғамда үлкен бедел мен зор абыройға ие болды. Ол әрдайым тәуелсіз еліміздің іргесін қалау жолында үлкен еңбек сіңіріп, қоғамда реформаларды жүзеге асыруға, тұрақтылық пен келісімнің орнығуына да зор үлес қосты. Осы еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағаланып, «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, бірқатар медальдармен де марапатталды.

Осылайша өзінің кәсіби біліктілігі мен бар қажыр-қайратын елімізді көркейтуге жұмсаған жерлесіміздің есімін қазіргі жастар мен келер ұрпақтың есінде мәңгіге қалдыру мақсатында өткен жылы қаламыздағы экономикалық колледждің қабырғасында мемориалдық тақта орнатылған болатын. Енді міне, аталған білім ордасындағы мұражай ішінен қоғам қайраткеріне арналған бұрыш ашылды. Осы бір игі шараның салтанатты ашылуына облыс әкімінің орынбасары М.Дәрібаев, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ж.Мақанов, облыстық мәслихаттың депутаты Ә.Дуанбаева, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ақын-драматург С.Тұрғынбекұлы, елімізге танымал ақындар А.Шаяхмет, Н.Мұқатов бастаған зиялы қауым өкілдері мен Орал Байғонысұлының достары, туған-туыстары, колледж студенттері қатысты. Облыс әкімінің орынбасары М.Дәрібаев

пен қоғам қайраткерінің жұбайы Шолпан апа мұражайдың лентасын қиып, колледж директоры Қ.Хамзин жиналғандарға кооперативтік техникумның кешегісі мен бүгінгі жайлы мағлұматтар беріп, «техникум түлектері» деген атаумен арнайы жабдықталған бұрыш туралы да тілге тиек етті. Мұнан кейін қонақтарға ҚР Парламенті Мәжілісі түсірген Орал Байғонысұлы туралы деректі фильм көрсетілді.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, еске алу шарасында сөз алғандардың бәрі Орал Байғонысұлының жастайынан іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, көптеген басқару органдарында түрлі жауапты қызметтер атқара отырып, мол тәжірибе жинақтаған білікті саясаткер, білімі терең, адамгершілігі мол азамат болғандығын айтып тебіренді. Еліміз егемендік алған алғашқы күннен Пре-

зидент әкімшілігінде және үкімет аппаратында бөлімдер басқарып, Парламент Мәжілісінің депутаты, кейін Палата төрағасы болды. Қай жерде еңбек етсе де ұжымның ұйтқысы, ұйымдастырушысы, халыққа, әріптестеріне жайлы, сыйлы көшбасшы бола білді деп еске алады замандастары.

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Серік Тұрғынбекұлы да бүгінгі шараға Астанада арнайы келген екен. Ақын Орал Байғонысұлының Елбасының сындарлы саясатын жүзеге асыру жолында адал қызмет жасаған қоғам қайраткерлерінің бірі болғандығын, бар күш-жігері мен қабілетін туған еліміздің өркендеуіне арнаған азамат екендігін айтады.

— Жақында Орал туралы «Халқым деп соққан жүрегі» деген атаумен естелік кітап жарыққа шықты. Бұл кітаптың дүниеге келуіне осы өлкенің біраз азаматтары атсалысып, үлкен үлес қосты. Міне, бүгінгі шараның сол кітаптың тұсаукесер рәсімі ретінде осы білім ошағының қабырғасында өтіп жатқаны тарихи жағдай. Мұндай игі шара мұның алдында Арқалық пединститутының қабырғасында, сондай-ақ Астанадағы белді жоғары оқу орындарында да өткен болатын. Ал, мұндағы ерекшелігі — бұл Оралдың тікелей өзіне, өміріне қатысты, себебі ол осы білім ордасында білім алды. Жалпы, Орекең туралы жақсы естеліктерді бір сәтте айтып тауысу мүмкін емес. Тәуелсіз Қазақ елінде Орал сияқты тұлғалар сирек қой. Ол бір емес, екі рет Мәжіліс спикері болды. Аз ғана ғұмырында көптеген келелі іс жасап кеткен оның өмірі жастарға, келер ұрпаққа да да үлгі болуы үшін осындай игі басқосуларды жиірек өткізіп тұру қажет, — дейді Серік Тұрғынбекұлы.

Иә, артына өшпейтін үлгі, жоғалмайтын із қалдырған Орал Байғонысұлының елі, туған өлкесі үшін тындырған ісі, жеткен жетістігі халқының көз алдында. Басқосуға жиналғандар да мемлекет және қоғам қайраткері, ардақты азаматтың есімінің ешқашан ұмытылмайтындығын, әрдайым оның рухына бас иетіндіктерін айтып тарқасты.



Әлеуметтік көмек көрсетілді

Облыста. Өңірде 2 мыңнан жоғары күнкөрісі төмен азамат, 120 мыңнан астам зейнеткер, 26 мыңнан жоғары мүгедек пен 360 Ұлы Отан соғысының қатысушысы өмір сүруде. Өткен жылы 860 жанұяға 84 млн. теңгеге арнайы әлеуметтік көмек көрсетілген. Ал, 11236 жанұяны тұрғын үймен қамтуға 134 млн. теңгеге жуық қаражат бөлінген. Сондай-ақ, 18 жасқа дейінгі балалары бар он мыңнан астам отбасыға әлеуметтік көмек ретінде 371 млн. теңге жұмсалған. Мұндай көмек-қолдаулар биыл да жалғасын таба бермек.

Үлкен көпір жөнделеді

Қостанай қ. Биыл үлкен көпір қалпына келтіріледі. Жөндеу жұмысына 3,2 миллиард теңге бөлініп отыр. Облыс орталығын өңірдің аудандарымен қосып отырған үлкен көпірдің салынғанына 50 жылдан асты. Жарты ғасырда оның әбден тозығы жеткен. Сондықтан ағылған ауыр жүк көліктерін көтере алмауы да әбден мүмкін. Жөндеу жұмыстары бір жылға жоспарланып отыр. Бұл мақсатта «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қаржы бөлінбек.

«Менің атамның портреті»

Облыста. Алдағы Жеңіс күні қарсаңында «Нұр Отан» партиясының «Менің атамның портреті» акциясы басталды. Аталмыш акция өңірімізде биыл үшінші жыл жүзеге асуда. «Жас Отан» ЖҚ Қостанай қалалық филиалының атқарушы хатшысы Н.Ахменовтың айтуынша, акцияға облысымыздың кез-келген азаматы қатыса алады. Ол үшін партияның облыстық филиалына хабарласып, 5 мамырға дейін өтінім толтыру керек.

Байлығымыз – бірлікте

Аманкелді. Аудандық балалар кітапханасы Ассамблеяның 20 жылдығына орай «Қазақстан халықтарының байлығы – бірлікте» атты әдеби-монтаж ұйымдастырды. Шара барысында түрлі ұлт өкілдерінің балалары өз тілдерінде тақпақтар арнады. Кеш соңы ән, бимен жалғасты. Ы.Алтынсарин орта мектебінің ұстазы А.Италмасованың айтуынша, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып келе жатқан ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеудің маңызы өте зор.

Шекарашылар құрығына ілікті

Қарабалық. Шекара отрядына қарасты «Қайрақ» автокөліктік шекаралық бақылау пунктінің әскери қызметшілері «Рудный — Челябинск» бағытындағы автобусын тексеру басырында 24 жасар қазақстандықтан жалпы салмағы 100 грамм болатын есірткі затын тапты. Ресейге бет алған тағы 2 отандасымыз шекарашылар құрығына түсті. Олар жеке автокөліктерінде 20 грамм марихуананы көрші елге жеткізбек болған. Барлық деректер бойынша тергеу амалдары жүріп жатыр.

Құрдасын пышақтады

Жітіқара. Түнгі клубтардың бірінде жас жігітті өзінің жолдасы пышақтап тастады. Облыстық ІД баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа жүгінер болсақ, аталмыш дерек бойынша қылмыстық іс қозғалған. Жедел іздестіру іс-шаралары барысында адам денсаулығына қасақана зиян келтірген күдікті 20 жасар жігіт ұсталды. Темір торға тоғытылған жігіттен жауап алынууда.

15 жылға сотталды

Рудный. Облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты 1991 жылғы Ғ.Жакеновке қатысты осындай үкім шығарды. Ғ.Жакенов өткен жылдың қазан айында ерлі-зайыпты Андрейчуктердің өмірін қиған еді. Өзін телефон жөндеушісі ретінде таныстырған қылмыскер қарттардың қауқарсыздығын пайдаланып, екеуін де ұрып өлтірген. Осыдан кейін үйден 791 600 теңгенің затын ұрлап әкетеді. Бас бостандығынан айрылған қылмыскердің бар жиған-тергені тегіс тәркіленді.

● БІЛІМ

Тексеру не көрсетті?

Гүлназым
САФИТОВА

Бас прокуратураның тексеру жұмыстары нәтижесінде, еліміздегі көптеген жеке ЖОО-ның білім беру мен кәсіби маман даярлауға қойылатын талаптарға жауап бермейтіні анықталды. Бас прокуратураның баспасөз қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, жеке ЖОО-ның көбінде сапалы маман даярлауға жағдай жасалмаған. Себебі, қажетті материалдық-техникалық ресурстар, ғылыми-әдістемелік оқу-құралдар, білікті оқытушы кадрлары жетіспейді.

Еліміздің Бас прокуроры Асхат Дауылбаевтың айтуынша, бұл заң бұзушылықтар ғылым және білім саласын бақылау комитетінің жеке ЖОО-ларды арнайы тексермеуінің салдарынан болып отыр.

Прокурорлардың тексеруінің нәтижесінде 62, соның ішінде 18 жеке ЖОО-ның лицензиясын тоқтату туралы ұйғарым жасады. Сонымен бірге жоғары оқу орындарының 40 қызметкері тәртіптік, 32-сі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. 2 қылмыстық іс қозғалды. Алдағы уақытта аумақтық прокурорларға анықталған оқшылықтарды жою бойынша қадағалау жүргізуді күшейту тапсырылды.

Қостанай облысы әкімінің аппараты 2015 жылғы 15 сәуірге дейін жұмысқа орналаспаған дәрігерлердің мониторингін өткізеді. Аталған санаттағы тұлғалар мына телефондар бойынша байланыса алады 575-084, 575-057.

Аппарат акима Костанайской области до 15 апреля 2015 года проводит мониторинг наличия нетрудоустроенных врачей. Лица указанной категории могут позвонить по телефонам 575-084, 575-057.

ЕЛГЕ РУХАНИ ҚУАТ СЫЙЛАДЫ

Күні кеше Қазақстан халқы Ассамблеясының жылына арналған "Менің Қазақстаным" поезы Арқалық қаласына келді. Бұл өнер десе ішкен асын жерге қоятын өңір халқы үшін ерекше маңызды жүздесу болды.

Шын мәнінде, ел үшін елеулі жыл ішінде жолға шыққан поездың арқалаған жүгі біз ойлағандағыдан әлдеқайда еселі екен. Себебі, бірлік пен татулықты ту еткен Қазақстан халқының тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктерін паш етумен қатар, оны әрі қарай нығайтуға бағытталған шаралар жоспарланыпты. Ол – мемлекеттік бағдарламалар бойынша шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсету, құжаттарды рәсімдеу мен заңдастыру сұрақтары бойынша кеңестер, индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын іске асыратын мамандар әзірлеу бойынша дәрістер және т.б. Жоғары білікті дәрігер мамандардың көңесі алыстағы ағайынның дертіне дауа табуға бір септігін тигізері сөзсіз.

Менің негізгі айтайын дегенім, басқа жағдай. Поезд құрамында Ескендір Хасанғалиев пен Нұрғали Нүсіпжанов ағаларымыз бастаған өнер тарландары қала тұрғындарына арнайы мерекелік концерт қойды. Өнердің тұнығынан қанып ішкен Арқалық өңірінің халқы үшін бұл үлкен рухани азық болды.

Осы орайда, айта кететін жайт, біздің өңіріміз де өнердің көнішіне айналғалы қашан?! Кезінде

арқалықтықтар "Торғай әуендері" сияқты өнер фестивалін дүниеге әкелген болатын. Сол фестивальдің аясында талай дүлдүлдер топ жарып, өнерпаз өрендердің бірқатар легі түлеп ұшты.

Бүгінде Арқалық өнердің өріне бет алған жандардан кенде емес. Айбектей айтыстың майталманы маңайына бір шоғыр ақындарын топтастырып үлгерді. Наурыз мейрамы қарсаңында айтыс ұйымдастырылып, олар көпшілікті өз өнерлеріне тәнті етті. Облыстық, республикалық сахналарды бағындырып үлгерген Әділ, Ыбырай сияқты күйші балаларымыздың талабына тілекші болып отырамыз. Жауырыны жерге тимеген балуандарымыздың атын атап, түсін түстеп жатудың өзі артықтау болар.

Ал, кеше елге келген "Менің Қазақстаным" поезының құрамындағы өнер иелерінің концерті осындағы барша шығармашылық және зиялы қауымға, жалпы халыққа жаңа серпін, сарқылмас қуат сыйлады.

Біз осы саңлақтарымызды үлгі тұта отырып, Арқалық өңіріндегі дарынды өрендердің талабын ұштай беретін боламыз. Бұл – ел бірлігін нығайтып, халықтың өнерін қастерлеп, дәстүрін дәріптейтін елжанды жастарды тәрбиелеуге оң ықпалын тигізері айқын.

Мейрамбек МОЛДАХМЕТОВ,
Қайыңды орта мектебінің
мұғалімі.

Арқалық қаласы.



Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Қазақстан халқы Ассамблеясы жылын ел арасында насихаттауға шыққан "Менің Қазақстаным" пойызын Арқалық қаласы да алғашқылардың бірі болып құшақ жая қарсы алғанын бұдан бұрын да хабарлаған болатынбыз. Арнайы пойыз бұған дейін Тайынша, Атбасар қалаларында болып, халыққа сан салалы қызметін ұсынған екен.



Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.

Міне, қазақтың нағыз бет-бейнесі осы. "Киімің жаман болса тәнің тозар, көңілін жаман болса жаның азар" деген. Біздің құрамымызда тәніңіз тозса дәрігерлеріміз, көңіліңіз тозса елдің көңілін көтеруге өнер саңлақтары келіп отыр. "Туа туыс болмаса да, жүре туыс болады" деген, еліміздегі ынтымақ пен бірліктің арқасында бәріміз туыс болып кеттік. Қыз алысып, қыз берісіп құда болдық. Бір елдің адамына

орталығы ашылды. Енді бұл жерде кәсіпкерлікті қалаған жандарға бір терезе құрылымы бойынша қызмет көрсетілетін болады.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының мәжіліс залында "Бейбітшілік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісі" атты дәріс-таныстыру өткізілді. Келелі кездесуде "Менің Қазақстаным" арнайы пойызының жетекшісі Ғ.Телебаев, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, ҚХА депутаттар тобының мүшесі З.Са-

Халыққа қуат берген игі шара

Ғазиз ТЕЛЕБАЕВ,
пойыз жетекшісі:

– Елбасымыз биылғы жылды "Қазақстан халқы ассамблеясының жылы" деп жариялады. ҚХА жылы – бұл Ассамблеяның өзінің жеке тойы емес, барлық қазақстандықтардың тойы. Елбасы айтқандай: "Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл елімізді мекендеген 17 миллион халықтың ассамблеясы". Біздің "Менің Қазақстаным" пойызы атына сай бүкіл Қазақстанды аралап шығу үшін жолға шықты. Негізгі мақсат халықпен кездесу, шешілмей жүрген мәселелері болса жәрдемдесу. Біз қалың қазақ еліне сағынып қауышайық деген мақсатпен сапарға шықтық. Қазір солтүстіктен бастап батысқа барамыз. Оңтүстікті аралаймыз. Шығысқа барамыз. Барлық жер де өз еліміз. Аталарымыз бұл жерді ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен сақтап қалған.

Биыл елімізде көптеген дүбірлі тойлар өтеді. Мысалы: "Қазақ хандығының 550 жылдығы". Бұл Торғай елімізге Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұвты, Аманкелді Иманов пен Әліби Жанкелдин сияқты ірі тұлғаларды берген киелі өңір. Біз осындай киелі жерлерге табанымызды тигізіп, бір ай бойы Қазақстанды түгел аралап шықпақшымыз. Келе жатқанда байқағанымыз жерде қар көп екен. Шаруашылыққа қолайлы болады деп пайымдадық. Наурыз құтты болсын! Ақ мол болсын!

Татьяна БУРМИСТРОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері:

– Күннің суықтығына қарамастан, халықтың ыстық ықыласпен қарсы алып жатқандарына рахметімізді айтамыз. Заңғар ақынымыз Қадыр Мырзалиевтың тамаша өлеңі бар ғой:

Қазақ осы – дала дейтін,
күн дейтін,
Қазақ осы – "Өнер алды – тіл" дейтін.
Қазақ осы – қарасың ба, ақсың ба,

айналдық. Бұл елдің қасиетті екенін бәріміз де білеміз. Жасасын, Торғай елі! Жасасын, Қазақстан!

"Менің Қазақстаным" пойызының құрамында ҚХА мүшелері, ҚР Парламентінің депутаттары, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, дәрігерлер, ғалымдар, заңгерлер, әлеуметтік қолдау саласының мамандары бар.

Делегацияның депутаттар тобы "Нұр Отан" партиясы Арқалық қалалық бөлімшесінің мәжіліс залында қала тұрғындарын жеке мәселелерімен қабылдады. Жұрт ел мен елді жалғастыратын автомобиль жолы сапасының сын көтермейтіндігін, сондай-ақ, жаңа ашылған "Арқалық-Шұбаркөл" теміржолы арқылы тасымалданатын көмірдің игілігін көрсек деген өтініштерін айтты.

Халық қалаулылары келесі кезекте қаладан сыртқарырақ орналасқан психоневрологиялық үй-интернатына барып, "ҚХА-20 ізгілікті іс!" эстафетасы аясында ұжымға теледидар тарту етті. Тағдыр теперішін тартқан жандарға арнайы сыйлықтар ұсынды.

Арқалық аймақтық емхана-сында дәрігерлер халықтың денсаулығын тексерді. Алматы, Астана қалаларындағы зерттеу институттарынан келген білікті мамандар дәрігерлік кеңестерін берді.

Ә.Боранбаев атындағы кино-театрда, Торғай агротехникалық колледжінде тиісті сала мамандары "Жол картасы-2020", жұмысшылардың еңбек құқығын қорғау, зейнетақымен қамту және мүгедектік, асыраушысынан айрылғандарға төленетін түрлі жәрдемақылар жөнінде, әлеуметтік көмек көрсету тұрғысында жан-жақты қызмет көрсетті.

"Алюминқұрылыс" ЖШС бас ғимаратында ауылшаруашылығы саласы және кәсіпкерлік бағыттарында іс-шаралар қамтылды. Осында орын тепкен ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанынан кәсіпкерлікті қолдау

япова, ҚХА ғылыми-эксперттік кеңесінің мүшесі Ғ.Телеғұл және басқалар сөз алып, еліміздегі ынтымақ пен бірліктің арқасында ортақ отанымызды мекендеген ұлттар мен ұлыстардың бір отбасы тәрізді тату-тәтті ғұмыр кешіп отырғандығын әңгіме өзегіне айналдырды.

Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мәжіліс залында халық әртістері Е.Хасанғалиев, Н.Нүсіпжанов, мәдениет қайраткерлері Толқын Забиров, Алтынай Жорабаева, Жеңіс Сейдолла, халықаралық байқаулардың лауреаты Біржан Хасанғалиев сынды өнер тарландары қала тұрғындарын өнермен сусындатты.

Ұлы ұстаз атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының конференц залында атқарылған шараларды қорытындылап, журналистермен брифинг өткізілді. Брифингке облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ж.Мақанов, облыстық "Қостанай таңы" газетінің редактор-бас редакторы Ж. Аязбеков және жергілікті БАҚ өкілдері "Арқа дидары" ЖШС директоры А.Бекентай, "Арқалық хабары" газетінің бас редакторы А.Айтмағамбетов, АрқМПИ телестудиясының басшысы М.Шахановалар қатысты.

– Менің Қазақстаным" пойызы еліміздің татулығы мен бірлігін нығайтуға бағытталған нақты шара. Халықтың жай-күйін оңалтуға да септігі мол жоба.

Ассамблея жылы – бұл еліміздегі ұлтаралық татулық пен бейбітшілік моделінің салтанат құрған жылы. Алдағы уақытта да біздің ең үлкен құндылығымыз халықтар достығы, яғни бірлік пен татулық болып қала бермек, – деді қоңақтарға ел атынан алғысын білдірген қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедов.

Елге елеулі қызмет көрсеткен үгіт пойызы Арқалық қаласындағы сапарын осылайша түйіндеп, одан әрі Рудный қаласына аттанып кетті.

Арқалық қаласы.

Пікірсайыс достықты нығайта түсті



Пікірсайыс – адамның сөйлеу шеберлігін арттырып, жүйелілікке, орнымен сөйлеп, аудиторияны басқара білуге үйрететін үйірме тәрізді. Оған қатысушылар ораторлық қабілетін шыңдап, мәселені екі жақты қарап, ажырата білуге үйренеді. Мұндай сайыстарда талқыға түсетін тақырыптар да сан түрлі: өмір сүру, білім алу, экономика, саясат, экология дейсіз бе бәрі бар. Сондықтан да болар пікірсайысшы жастар әлемдік және отандық мәселелер мен жаңалықтарды саралаудан, сұрыптаудан шет қалған емес.

Бұған дәлел жиі өткізіліп тұратын республикалық және өңірлік дебат турнирлері. Мысалы, көктемнің алғашқы күні Қостанай әлеуметтік-техникалық колледжінде "Жас Отан" ЖҚ және "Ахмет ұрпақтары" ИПК мен "Парасат" ИПК пікірсайысшыларының мұрындық болуымен "Достық – ауыспалы кубог" деген атаумен қалалық пікірсайыс турнирі өтті.

Мұндағы негізгі мақсат Қостанай қаласының жоғарғы оқу орындарындағы пікірсайысшыларды бір ортаға шоғырландыру. Белсенді жастармен пікір алмасып, тығыз қарым-қатынасты арттыру. Ойындағы ерекшелік әр оқу

орнының студенттері бір-бірімен алмасып топ құрды. Нәтижесінде өзара танысып, достасып ойын көркін қыздырып әкетті. Осылайша, жарасым тапқан жұптар берілген қарарларды ортаға салып әдемі ойын алаңын құра білді.

15 команданың ішінен финалға жолдама алған қатысушылар төрешілердің әділ шешімімен анықталды.

Бұл турнир болашақта да дәстүрлі түрде жалғасын табатын болады.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ҚМУ-дің журналистика мамандығының 2-курс студенті.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Беделді басшы – БІР БАҚЫТ

**Жұматай
КӘКІМЖАНОВ**

Кез-келген ел басшысының беделін мемлекетінің мықтылығына, халқының әлеуеті мен экономикалық жағдайына қарап бағамдауға болады. Бірінші басшының беделі мен ұстанымы, рухани құндылығы да назардан тыс қалған емес. Сырт көз сыншы демекші, саясаттан хабары барлардың барлығы да қылтаып көрінген басшылардың салмағын сараптап отырады. Әсіресе, әркімнің ісіне араласқыш АҚШ елдердің басшыларына баға бергіш. Мәселен, Солтүстік Корея мемлекетінің бірінші басшысы Ким Чен Ынды келеке қылып, оның саясатпен емес, өз сән-салтанатымен айналысып жүргенін жазып та, айтып та жүр. Жұмыр жер бетіндегі алпауыт елдердің бірде-бірімен байланыспай, тұйық өмірді таңдаған ел басшысын қара нәсілді баскетболшымен, сәңкұмар серілермен ғана араласады, саясатпен шаруасы жоқ деп айыптайды. Осылайша, өзгелерге жағымсыз жағынан ғана танылып жүрген тұлға тек өз елінде ғана мақтаулы. Оның толықша келген дене пошымы, шөш үлгісі, сөйлеген сөзі, саяси көзқарасы бәрі-бәрі ел аузында. Әрине, пенде болған соң, тұлға болған соң ол жайында әлі де айтылады, жазылады. Ең бастысы – ел басшысының халқына қолайлы болғаны...

Ал, төңкерістен көз ашпай, екі әлемнің ортасында қалған Украинаның президенті еріккеннің ермегіне айналды. Ел ішінде абырой мен беделінен береке кеткен тұлға жайында батыстың жазбаған басылымы қалмаған болар. Жақында, АҚШ телеарналарының бірінде сұхбат берген америкалық тарихшы, КСРО мен Ресейді зерттеп жүрген ғалым Стивен Козн украиндықтардың бірінші тұлғасын жерден алып, жерге салды. Оның айтуына қарағанда, Петр Порошенконы халқы сайлаған жоқ, АҚШ таңдады. "Петр Порошенко өзінің жолтақарға, қорқақтау, өзінің саяси ұстанымы жоқ, көшбасшылық қасиеттен жұрдай", – деген ойын ашық айтты.

Стивен Козн мысал ретінде, Дебальцеводағы жағдайды келтірді. Оттың ортасында қалған Украинаның мыңдаған сарбазын ажалдан арашалау мақсатында ұйымдастырылған Минскідегі "нормандтық төрттіктің" кездесуінде Петр Порошенко өзін жайсыз сезінген. Ресей, Германия, Франция және Украина басшыларының басы біріккен жиында соңғысының мүсепір күйде болғанын, бір кездесуде бірнеше рет сыртқа шығып, телефон арқылы біреулерден ақыл сұрап жатқанын келтірді. Әуіріммен, көптің күшімен бір мәмілеге келген Петр Порошенко сол жиында соғысты тоқтатарын мәлімдеген болатын. Содан бері қаншама уақыт өтсе де, мемлекет басшысы берген уәдесінде тұра алмады. Алпауыт елдердің алдында уәдесін үйіп төккен мемлекет басшысы ел ішіндегі төңкерісті әлі де тоқтата алмауда. Бір-біріне илікпеген топтар әлі де бір-бірімен арпалысып жатыр. Салдарынан, қарапайым халық зардап шегуде.



"Әдемілік әлемді құтқарады"
Ким Чен Ын



"АҚШ барда біз бармыз" П.Порошенко, А.Яценюк

Америкалық саясаткердің уәжине құлақ асар болсақ, украиндық президенттің тірлігі Еуроодақ пен АҚШ-тың әлемдік беделіне



"Беделі басым" В.Путин

нұқсан келтіруі ықтимал. Осыған сай, беделінің төмен, берері жоқ басшының орнына арыны қатты Арсений Яценюкты меңзейді. Экономикадан хабары бар, сөзі өтімді саясаткерді ел азаматтарының да қолдап отырғанын айта кеткен жөн. Мұның үстіне, Арсений Яценюк Ресейдің жүргізіп отырған саясатына қарсылығын ұдайы ашық білдіріп отырады. "Мылтықсыз майданға" кіріскен Америка үшін мұндай саясаткердің ауадай қажет екені айтпаса да белгілі.

Қырымды сылтау қылып, көршімізге қырын қарап жүргендер үшін, Ресей Федерациясының президенті Владимир Путиннің қатысуымен түсірілген "Қырым. Отанына оралу" атты деректі фильмі жерден жеті қоян таптырғандай әсер қалдырды. Мұндағы басты тақырып – Ресей президентінің ядролық қаруды қолдану жөніндегі пікірі жайында

ербіді. Ресейдің бірінші арнасынан көрсетілген деректі фильмде Владимир Путин "Ядролық қаруды қолдануға өзін екенімізді білдірдік. Батыстағы еріптестерімізбен сөйлескенімде Қырымның біздің тарихи отанымыз екенін айттым. Ол араны орыс ұлтының өкілдері мекен еткен. Соғыс уақытында, мен олардан теріс айналыпмын. Оларды қорғау – менің азаматтық парызым" деп келтірген. Владимир Путиннің айтуынша, Украинадағы мемлекеттік төңкеріс Американың араласуымен жүзеге асырылды. "Ұлтшылдар мен теріс пиғылды саясаткерлердің қолтығына су бүркіп, бауырлас елдің ара-жігін ашты. Бірнеше мың шақырымдық қашықтықта жатқан Америкаға бұдан ке-

лер еш қауіп жоқ. Біздің басты мақсатымыз – Отанымыздың тұтастығын сақтап, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осы мақсатта, әскери әрекетке баруға тура келді. Қырымға өуе, теңіз және құрлықтан келер қауіптен қорғайтын керемет қарулар жеткізілді. Әскери әрекеттердің барлығы да ғарыштан бақылай алатындай, ашық жүргізілді. Мұның барлығы да, менің тікелей басқаруыммен жүзеге асырылды", – деп баса айтқан Ресей президенті өзінің өзгелерден үстем екенін ашық білдірді.

Ресей Федерациясының президенті Владимир Путиннің беделінің биіктігін батыс елдері де бір ауыздан мойындаған. Мұндай ақпаратты әлемдегі саяси-экономикалық жағдайды бағамдап отыратын беделді "Forbes" журналы таратқан еді. Басылымға көз жүгіртер болсақ, көрші елдің бірінші тұлғасы жұмыр жер бетіндегі беделді бесікке еніпті. 2013 жылы Владимир Путиннің АҚШ пен Қытай басшыларын басып, тізімде бірінші тұрғанын айта кеткен жөн. Ресей басшысының әлі де тақтан тайып тұрғаны шамалы. Украина, Қырымға қатысты шу, батыстан келген санкцияға қарамастан, ел тұрғындары президентіне ерекше сенім артуда.

Ел еңсесін көтеруде нарықтық факторлардың ғана емес, ел басшысының абырой, беделінің де әсері зор екенін айта кеткен жөн. Бірінші басшыға қарап, сол елдің саяси ұстанымын, көзқарасын аңғару қиын емес. Ежелгі гректердің "адамды тұрған жері емес, адам тұрған жерін керіктендіреді" демекші, ел басқарған азаматтың ақылдылығы бір бақыт. Ал, беделі асса халқына берері де көп болмақ.

Жаңа ақпараттық жүйе енгізілді

Қала әкімі аппаратының мәжіліс залында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаменті "Е-қызмет" ақпараттық жүйесін мемлекеттік қызмет органдарына енгізу мәселесін талқылады. Жиынды аталмыш агенттік хатшылығының меңгерушісі Асхат Ескендір жүргізіп отырды.

"Е-қызмет" ақпараттық жүйесінің негізгі мақсаты – мемлекеттік қызмет істері агенттігі мен мемлекеттік органдардың кадрлық қызметін автоматтандыру, халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік қызмет персоналын басқару болып отыр. Бұдан бөлек, онлайн режимінде орталық және өңірлік деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер жөнінде толық ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Облыс аудандары мен қалалардан келген кадр қызметкерлері "Е-қызмет" жұмысының негізгі қағидаларымен танысты. Жиын барысында ақпараттық жүйенің бүге-шігесіне дейін анықтап беретін бейнебаян көрсетілді. "Е-қызметке" тек қана мемлекеттік органдардың кадр қызметіндегі мамандардың мәліметтері мен жұмыстары енгізілетін болады. "Е-қызмет" – деректерді екі тілде жазуға мүмкіндік беретін, кезеңдерге бөлінген бағдарлама. Жаңа жүйені енгізу кадрлық қызметтердің тиімділігі мен өнімділігін арттыруға, ақпаратты өңдеуге кететін әкімшілік шығындарды кемітуге, уақытты үнемді пайдалануға жағдай жасайды.

– "Е-қызмет" арқылы қағаз айналымын қысқарта аламыз. Бұл техникалық тұғырнама кадр саясаты мен басқару жүйесінің сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. Қызметкерлер туралы мәліметті қарау үшін арнайы логин арқылы ғана кіруге болады, – деді Асхат Батыржанұлы.

Озық халықаралық тәжірибеге сәйкес Агенттік пен мемлекеттік органдар кадрлық қызметтерін автоматтандыруға арналған персоналды басқарудың "Е-қызмет" жүйесін облысымызда 20 сәуірге дейін енгізу жоспарланған.

Қосымша ақпарат алу үшін жобаның Астана қаласындағы қызмет көрсету орталығына қоңырау шалуға болады:

8(7172)75-30-35

8(7172)78-46-06

8(7172)75-95-52.

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ.

9 ауданда санаториялық топ ашылмаған

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

**Облыстық
тұтынушылардың құқығын
қорғау департаментінде
облыстық салауатты өмір
салтын қалыптастыру
проблемалары орталығы
мен облыстық туберкулезге
қарсы диспансерінің**

**мамандары бас қосып, құрт
ауруы бойынша өңірдегі
эпидемиологиялық
жағдайды талқылады.**

Мамандардың сөзінше, соңғы он жыл ішінде еліміз бойынша ауру көрсеткіші біраз төмендеген. Қостанай облысында да эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Дәрігерлер құрт ауруымен сырқаттанушылық әрі өлім-жітім көрсеткішінің төмендеуіне алдын

алу шаралары мен скринингтік тексерулердің көп көмегі тиіп жатқандығын алға тартады. Мәселен, өткен жылы алдын алу шаралары аясында облыста 430 мыңнан астам адам флюорографиялық тексерістен өткен. Сондай-ақ, туберкулинодиагностика әдісі арқылы 91729 бала қамтылған. Фтизиатрлар балалар арасындағы туберкулездің алдын алуда БЦЖ вакцинасының көмегі зор екендігін ай-

тады. Дегенмен, облыс бойынша 18 220 баланың ата-анасы аталмыш вакцинаны қабылдаудан бас тартқан.

Басқосуға жиналған мамандар өңірде ауру көрсеткіші азайғанмен, кейбір шешілмей отырған проблемаларды да алға тартты. Соның ішінде, ата-аналары туберкулезге шалдыққан балаларды оқшаулау мақсатында санаторлық топтар ашу мәселесі Алтынсарин, Қамыс-

ты, Науырзым, Жанкелдин, Аманкелді, Ұзынкөл, Қарабалық, Жітіқара, Таран өңірлерінде әлі күнге шешімін таппай отырған көрінеді.

Жалпы, үстіміздегі жылдың екі айы ішінде облыс бойынша 62 285 адам арнайы флюорографиялық тексерістен өтіп, 2212 бала вакцина қабылдаған. Сонымен қатар, малшаруашылығы саласында да эпизоотикалық жағдай тұрақтанған көрінеді.

● СҰХБАТ

1 сәуірден бастап "Көктем-2015" мерзімдік әскери қызметке сарбаздарды шақыру науқаны басталады. Қостанай облысынан бір мыңға жуық бозбала азаматтық борышын өтеуге аттанбақ. Осы ауқымды шара қалай жүзеге асырылатыны жайлы Қостанай облысы бойынша Қорғаныс істері департаментінің әскери қызметшілерді мерзімдік және келісім-шарт бойынша әскери қызметке шақыру басқармасының бастығы Ғизат Қабылқаұлы Шалтықов әңгімелеп берді.

– Ғизат Қабылқаұлы, бүгінгі күні сарбаздарды іріктеуде қандай талап қойылады? Болашақ сарбаздарды қалай бағалайсыз?

– Қазір әскерге шақырылудың талабы күшейтілді. Саны көп, са-

оыртқа қисықтығы сияқты диагноздар жиі қойылады.

Әрине, мұндай жастарымыз азаматтық борышын өтей алмайды. Шын мәнісінде бұл бәрімізді қынжылтады. Өскелең ұрағымыз осындай әлсіз болса,



Айыппұл алынбай, іс бітпейді

Әкімшілік айыппұлды өндіру бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Борышкерлердің берешегімен күрес, оны өндіру, қайтарып алу мәселелері жөнінде облыстық әділет департаменті әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу жөніндегі бөлімінің басшысы Бекболат Баниязовпен сұхбат жүргізген едік.

– Айыппұлды өндіру үшін азаматтарды түрлі жолдармен, мәселен, мекенжайы бойынша, көлігі арқылы тауып алу сияқты шараларды жүргізудесіздер. Осы жұмыстар қаншалықты нәтижесін беруде және борышты өндірудің тағы қандай жолдары қолданылып жатыр?

– Мемлекет пайдасына түсетін қомақты қаржының бірі – әкімшілік айыппұлдарды өндіру бүгінгі күннің маңызды әрі өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан айыппұл арқалап алып, оны да өтеуден қашып жүрген борышкерлерге де қатаң шаралар қолданыла бастады. Бұл ретте берешегі барлардың ісі сот орындаушысына жіберіледі. Айыппұлдан уақытында құтылмаған адамның банктегі есепшоты жабылып, жылжымайтын мүлік пен көлігін де сатуына тыйым салынады. Сондықтан осы мәселеге орай алдағы уақытта да уәкілетті органдармен бірлесіп, рейдтік шараларды көптеп өткізу арқылы айыппұл мен алимент төлемей жүрген борышкерлермен жұмысты жандандыра түсетін боламыз.

Аталған шаралар өз нәтижесін беріп жатыр деп айта аламыз. Тек, биыл жыл басынан бері 3 мыңға жуық адамнан 17 миллион теңгенің әкімшілік айыппұлы өндіріліп алынды.

– Қазіргі таңда азаматтарымыз арасында "берешектен құтылу – борышты өтеу" деген ұғым қалыптасты ма?

– Айыппұл – ол жеке адамның емес, мемлекет бюджетіне түсетін қаражат. Сондықтан оған азаматтар үлкен жауапкершіліктен қарау керек. Енді әкімшілік айыппұлды төлеуден қашып жүргендерге қатаң шара қолданылады. Біз ең алдымен тұрғындардың берешексіз өмір сүруі үшін оларға ескерту жұмыстарын жүргіземіз. Азаматтарымыздың көбі айыппұл төлеуді түсіне бастады. Онымен қоса, өткен жылы бірнеше рет құзырлы орган өкілдерімен бірлесіп, "Әкімшілік айыппұлдарды өндіру айлығын" өткіздік. Ол жаман нәтиже берген жоқ.

Айта кету керек, ҚР әділет министрлігі сот актілерін орындауға айырықша көңіл бөледі. Ол біріншіден, азаматтардың сот орындаушыларына деген сенімін нығайту керек. Айыппұлдардан түскен қаражат бюджет қаражаты екенін түсінуі керек. Елбасымыз өзінің "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" Жолдауында мемлекет қаражатын үнемдеу туралы тапсырма берді. Президент Жолдауында айтылған айшықты бағдарламаларды орындау барша-мыздың міндетіміз. Ал біз өз тарапымыздан азаматтарды уақытылы берешегін өтеп отыруына ықпал етіп отырмақпыз. Сол үшін алдымен азаматтардың сот орындаушыларына деген сенімін арттыра беруіміз керек.

Әскер қатарына алынатын жастар саны азайып барады

пасы жоқ сарбаз жинаудан аулақпыз. Бүгінгі күні әр бозбаланың денсаулығымен қоса

елдің қамы не болмақ деген ой туады.

– Қазіргі жастарда азамат-

000, 2014 жылы 4 600. Ал бізге керісінше жылдан жылға мерзімдік әскери қызметке ша-

оларды әскерге шақыруға болмайды.

Әскерге бозбала жан-жақты шынығу үшін барады. Жауынгерлік дайындықпен қоса, өмір мектебінен өтеді. Сарбазға қойылатын басты талап Отанын қорғай алу, кез келген уақытта дайын болу. Сондықтан әскердегі қиындықтарға төзе білу, шыдай алу керек.

– Қазір мерзімді әскери қызметті тоқтатып, келісім-шарт бойынша әскери қызмет болады деген әңгімелер бар. Әскери тәжірибесі мол адам ретінде пікіріңіз және бұл сөздің жаны бар ма, қалай ойласыз?

– Әскер қатарына мұндай жаңашылдық енгізу мәселесі қаралды. Бірақ бір жыл тәжірибелеп көргеннен кейін тек келісім-шарт бойынша әскери қызметке алудың жөнсіз екендігі аңғарылды. Өйткені мерзімдік қызметтегі сарбаз бен келісім-шарт бойынша әскери қызметшінің айырмашылығы жер мен көктей. Оларға қойылатын талап та бөлек. Келісім-шартпен шақырылған әскери ақылы қызмет атқарады, оған мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсетіліп, материалдық жағынан да жағдай жасау қажет. Өйткені бұл бозбалалар емес, қалыптасқан, отбасы құрған азаматтар.

Келісім-шарт бойынша әскерге шақырылғандар аз емес. Бірақ әскери өмірге тек одан хабары бар адам шыдай алады. Келісім-шарт жасасып, шыдай алмай кетіп жатқандар да болып жатады. Сондықтан мерзімдік әскери қызмет болады және жыл сайын шақырылатын сарбаздар саны да артып отырады.

Айта кету керек, бүгінгі күні Қорғаныс істері департаментімен және аудандар, қалалардағы басқарма мен бөлімдерде келісім-шарт бойынша әскери қызметке шақыруға насихаттық жұмыс жүргізілуде. Мұнда да үміткерлердің денсаулық жағдайына, білім деңгейіне, моральдық-психологиялық тұрақтылығына және Отанға қызмет етуге деген құлшынысына назар аударылады.

– Әңгімеңізге рахмет. Махаббат БЕКБАЙ.



оның моральдық-психологиялық жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Сондықтан қазір жігіттерімізді зерделеу кезінде олардың ата-аналарымен де жүздесіп, балаларының жай-күйін білеміз. Әскерге жарамды дегендері одан кейінгі іріктеуге қатысады. Медициналық тексерумен қоса, психолог мамандардың сұрыптауынан өтеді. Психологтар тестілеу өткізіп қана қоймай, "Ақ сұңқар" полиграф құрамында тексереді.

Кейбір бозбалаларды көзбен шолып қана азаматтық борышын өтеуге жарамсыз екенін білуге болады. Спортпен айналыспаған, күндіз-түні компьютер алдында отырған, анасының әлпештеген еркелерін бірден танысын. Ал олады тексерсе келгенде әр түрлі дерттері шыға келеді, бойында қайрат жігер жоқ екендігі де анықталады. Компьютердің алдынан шықпай, бар уақытын ғаламтордағы ойындарда өткізетін, дене шынықтырумен айналыспайтын жастар медициналық тексеруден өтпей қалады. Қазіргі кезде әскерге шақырылушыларға жалпан табандылық, көз көруі нашар,

тық борышын өтеуге құлшыныс, отансүйгіштік сезімдері бар ма? Әлде, әскерден жалтармақ болғандар көп пе?

– Бес саусақ бірдей емес дегендей, бірі жалтарудың амалын іздесе, енді бірі денсаулық жағдайына байланысты жарамсыз болса да, Отан алдындағы борышын өтеуге ынталы болады. Бірақ, ауылдың қара домалақтары арасында әскерге деген құлшыныс басым. Олардың дайындығы да жаман емес.

Ал әскерден қашып құтылу қазір мүмкін емес. Өйткені заңды себепсіз мерзімдік әскери міндеттен бас тарту қатаң жазаланады. Ондай жастарға 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады, түзеу жұмыстарына жұмылдырылады немесе 1 жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесіледі.

Әр жыл басында есепке алу жұмысы жүргізіледі. Сол кезде азаматтардың жас ерекшеліктеріне қарай әскер қатарына алынатындар тізімі жасалады. Өкінішке қарай, бұл тізім жыл сайын қысқарып келеді. Мәселен, 2012 жылы – 5 500 бозбала есептелсе, 2013 жылы – 5

қырушылар санын арттыру талабы қойылып отыр. Мүмкін бұл демографиялық мәселе болар. Оны біз дөп басып айта алмаймыз. Қазір мысалы 1987-1996 жылдары туылғандар әскерге алынады. Ал бұл мемлекеттегі ауыспалы кезең, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары.

– Соңғы кездері әскер қатарында әр түрлі қайғылы оқиғалар болып жатыр. Ата-аналары бауыр еті балаларын Отан қорғауға жіберіп, бейбіт өмірде зар жылап қалады.

– Басқа өңірлерде сарбаздар арасында өз-өзіне қол жұмсау және басқа да келеңсіз оқиғалар болып жатыр. Тәуба дейік, Қостанай облысынан шақырылғандар арасында мұндай әрекет жасағандар тіркелген жоқ. Сарбаз атына, Қарулы Күштер атына кір келтірмей, Отан алтындағы борышын шыдамдылықпен, төзімділікпен, адалдықпен атқарып, аман-есен елге оралып жатыр. Басында айтқанымдай, адамның психологиялық салауаттылығына ерекше назар аудару керек. Өзіне қол жұмсау ойы бар адам психологиялық тесттерден бірден байқалады және



Қаруды қаламға айырбастап...

Халқына қалтқысыз қызмет еткен Сабыржан Мәсәлімов туралы сөз

Сәлім
МЕНДІБАЙ

1. Курск иініндегі шайқас

1943 жылдың наурыз айының ортасында барлық майдандарда да жағдай Кеңес Одағы үшін жақсара түсті. Неміс, румын, итальян, венгр әскерлері Волга, Дон, Солтүстік Кавказ аудандарында талқандалып, олар орасан зор шығын шекті.

Сталинград түбінде кеңес әскерлері қарсы шабуылға шыққан сәттен 1943 жылдың наурыз айына дейін біздің әскерлер жаудың 100-ден астам дивизиясын талқандады. Әрине, бұл орасан жеңіс біз үшін оңайға түскен жоқ. Біздің жақтың шығыны да аз емес-ті.

Кеңес әскерлері барлық маңызды стратегиялық бағыттарда инициативаны сақтап, жаудың мысын басуға мүмкіндік алды. Ал жау болса Сталинград түбіндегі жеңіліс үшін қайткен күнде де реванш алуға жанталасып жатты.

Алда тұрған Курск шайқасына Кеңес әскерлері 1943 жылғы мамыр мен маусым айларында мұқият дайындалды. Өйткені жау да өзінің ең басты шабуылын осында жоспарлап отыр еді. Соғыс барысындағы түбегейлі бетбұрысты осы шайқастан күткенді. Фашистер өздерінің «Тигр» және «Пантера» танкілеріне және «Фердинанд» шабуыл қаруына сенді. Бұл жойқын қарулар кеңес әскерлерінің зор қуатын қашырады, оларды быт-шыт қылып жеңеміз деп дайындалды.

Жоғарғы Бас Қолбасшының Ставкасы біздің әскер әрекетін жан-жақты талқылай келіп, барлық маңызды бағыттарда, ең алдымен Курск иіні ауданында терең эшелондандырылған қорғаныс орнату қажет деп тапты. Осыған байланысты майдан қолбасшыларына тиісті нұсқаулар берілді. Әскер терең окоп қазып, берік бекінді. Ставканың құрылып жатқан және резервтегі күші ең бір қауіпті деген аудандарға топтастырылды.

Сүйтіп, сол жылы сәуір айында Ставка алдын ала жоспарлы қорғанысқа көшу жөнінен шешім қабылдады.

Қызыл Армия жазғы науқанға дайындала отырып, орасан зор жұмыс атқарды. Әскерлердің ұйымдық құрылымы жақсарып, жаңа техникамен жарақтана бастады. Майдандар мен армиялар құрамына қосымша артиллериялық, истребитель-танкіге қарсы және минометтік бөлімдер берілді. Байланыс құралдары күшейтілді. Атқыштар дивизиясы жетілдірілген автоматтық, танкіге қарсы қарулармен жарақталды, басқаруға жеңіл және қуатты атқыштар корпустарына бірікті. Жаңа артиллериялық құрылымдар дүниеге келді. Зениттік дивизиялар іске кірісті.

Партияның Орталық Комитеті мен Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті танк пен өзі жүретін артиллерия шығаруға ерекше маңыз берді.

Әскери-әуе күштерін қайта ұйымдастыруға барынша маңыз берілді. Әскер барынша жетілдірілген ЛА-5, ЯК-9, ПЕ-2, ТУ-2, ИЛ-4 және басқа ұшақтар алды. Жазға дейін барлық авиация жаңа техникамен қаруланды, жаңа қосымша авиаци-



ялық бөлімдер жасақталды, соның ішінде алысқа ұшатын 8 авиакорпус та болды.

1943 жылдың жазында біздің әскерде 6,4 миллион адам, 99 мың орудия мен миномет, 2200 реактивті артиллерия, 9,5 мыңнан астам танк пен өзі жүретін артиллериялық қондырғы, 8300-дей жауынгерлік ұшақ болды.

Жауынгерлермен саяси-тәрбие жұмысын жүргізуге 1943 жылы 24 мамырда қабылданған «Қызыл Армияда партия және комсомол ұйымдары құрылымдарын қайта ұйымдастыру және майдандық, армиялық және дивизиялық газеттердің ролін арттыру туралы» қаулысы ерекше ықпал етті.

Сөйтіп 1943 жылдың жазында Курск шайқасы алдында, біздің қарулы күштер сан және сапа жағынан неміс-фашист әскерлерінен басым түсті.

Реванш алуға тырысқан жау да қарап жатпады. Олар да кеңес-герман майданына қолда бар барлық таңдаулы күштерін тоғытты. Германияның әскери өнеркәсібі «Тигр», «Пантера» танктерін және «Фердинанд» орудиясын көптеп шығарды. Әскери-әуе күштері жаңа ұшақтар алды.

Сол сәтте Кеңес-Герман майданында жау жағынан 232 дивизия, 5,2 миллион адам, 54 мыңнан астам орудия мен миномет, 5850 танк, үш мыңдай ұшақ тұрды.

Немістер Курск иініндегі операцияға өздерінің таңдаулы деген 50 дивизиясын, оның ішінде 16 танк және моторланған дивизиясын, 2 танк бригадасын, 11 танк батальоны мен шабуыл орудиясы дивизионын дайындады. 2800 танк, екі мыңнан астам ұшақ және 900 мың адам ұрысқа сақадай сай тұрды.

Неміс командованияесі өздерінің жеңіске жететініне сенімді еді. Мұның өзі сағы сынған өз әскерлерінің рухын көтереді деп үміт артты.

Курск, Орел және Белгород ауданындағы шайқас екінші дүниежүзілік соғыстағы аса ірі ұрыстардың бірі болды. Мұнда немістің ең бір іріктелген, сорпаның бетіне шығар күші быт-шыт болды. Неміс армиясы мен халқы фашистік басшылыққа сенуден қалды.

Неміс әскерлерінің басты күшін Курск маңында күл-талқан етіп жеңу кеңес әскерлеріне алда тұрған шабуылдарды ойдағыдай өткізуге жағдай жасады. Неміс әскерлерін ең алдымен өз аумағы-

мыздан қуып, сосын Польшаны, Румынияны, Болгарияны азат етуге және фашистік Германияны түпкілікті жеңуге жол ашты.

Курск иініндегі шайқастың бел ортасында болған майдангерлердің бірі – Сабыржан Мәсәлімов ағамыз еді. Сол ардагермен осы «Қостанай таңы» газеті редакциясында бірге қызмет істеген күндер әлі ұмытылған жоқ, қатал да әділ ағамыздың өмірі бізге үлгі еді.

2. Сабыржан аға сабағы

Сабыржан Мәсәлімов 1925 жылы 16 қазанда Қостанай облысы Меңдіқара ауданы Меңдібай ауылында дүниеге келді. Еңбек жолын 1940 жылы жетіжылдық мектепті бітіргеннен кейін бригада есепшісі болып бастады. 1943 жылы 7 қаңтарда Армия қатарына шақырылды. 1943 жылдың тамызынан 1945 жылдың мамырына дейін танк бөлімі құрамында Курск, Сумы, Чернигов, Киев облыстарын, Польшаны



азат етуге қатысты. Висла – Одер, Одер – Берлин операцияларына қатысты. Бранденбург пен Берлинді алу үшін шайқасты. Соғысты Эльбада аяқтады. Соғыс біткеннен соң бес жыл бойы Германиядағы Кеңес әскерлері тобында қызмет етті.

Сөзге сараң, ішкі сырын аша бермейтін ағамыз кейде Курск иініндегі қантөгіс туралы айтып қалатын. Ондай кезде талай қиямет қайымнан өткен майдангер жүзіне мұң ұялайтын.

Сол бір сұрапыл соғыс жылдары жауынгер Мәсәлімовтың бармаған жері, баспаған тауы да жоқ екен.

Сабыржан Мәсәлімұлы 1950 жылы қаруды қаламға айырбастап, өмірінің соңғы күндеріне дейін журналистік қызметпен айналысты. Он сегіз жыл бойы Введен, Қарабалық, Жанкелдин, Қамысты аудандық газеттерінде жауапты хатшы, редактордың орынбасары, редактор болды. 1970 жылы ол облыстық «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қостанай таңы») газеті редакциясына қызметке ауысты. Мұнда меншікті тілші, жауапты хатшының орынбасары, хабар бөлімінің меңгерушісі, ал 1973 жылдан редакция алқасының мүшесі және насихат бөлімінің меңгерушісі болды.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ол туған ұжымында жұмыс істеді, байланыс каналы бойынша аудандық газеттерді шығаруға қатысты. Өзінің нақтылы қыз-

метімен «Қостанай Баспа үйі» акционерлік қоғамының қалыптасуына көмектесті.

Ол еңбексүйгіш білімді де білікті журналист болатын. Жастардың тәлімгер-ұстазы еді. Қала мен облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысты.

Отставкадағы подполковник С.М.Мәсәлімов әскери және еңбектегі ерлігі үшін он сегіз орден-медалмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен, КСРО халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің екі медалімен, Кеңес бейбітшілік қорының белгісімен және «КСРО баспасөз үздігі» белгісімен марапатталды.

Иә, ажал ешкімге айтып келмейді. 72 жасқа толар шағында Ұлы Отан соғысының ардагері, облысымызға танымал журналист Сабыржан Мәсәлімов ағамыз дүниеден өтті. Ол кісінің өз ісіне ұқыптылығы, талғампаздығы, жауапкершілікті терең сезіне білетін қасиеті бәрімізге де үлкен өнеге еді. Осы «Қостанай таңында» қалам ұстап, тер төккен тілшілердің барлығы дерлік Сәкеннің шеберлік мектебінде шындалып, журналист есебінде түлеп

ұшты десек, артық айтқандық болмас. Сәкен бәрімізді мақаланың әр сөзіне ұқыпты қарауға, дәлелдер мен деректі аса мұқият таразылауға баулып отырды. Кішіге аға, үлкенге іні, жақынға бауыр, алысқа мейірімді-тін. Отан соғысынан оралысымен газеттің ыстық-суығына араласып, тілшілік мамандықтың тіршілігінің қазанында қайнап шыққан

ол «Қостанай таңы» тарихының үлкен бір бөлігіне айналды. Өмірде де сол қарапайым, ізетті қалпынан таймай өтті. Зейнеткерлікке шыққасын да редакциямен байланысын үзген жоқ. Қара шаңыраққа үнемі ат ізін салып, осындағы азаматтардың жағдайын біліп шығуды естен шығармайтын.

Ағамыз аты жаман айықпайтын ауруға шалдыққанда да сарыуайымға салынып, салы суға кеткен жоқ. Ажалды да талай қиыншылықта шыңдаған қарт солдат қасқайып тұрып қарсы алды. Тіпті «ойлап-пұлай болып кетсем, редакцияға тапсырарсыңдар» деп қазанама мәтінін де өзі жазып кетіп еді.

Енді, міне, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Ұлы Отан соғысының от-жалынында шыныққан, бейбіт өмірде қаруды қаламға айырбастап, халқына қалтқысыз қызмет еткен майдангер ағаны еске алып, ерлігін елге паш етіп отырған жай бар.

Иә, ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран, ол күндердің даңқы өшпейді.

СУРЕТТЕРДЕ: Сабыржан аға Мәсәлімов және ол отты жылдарда полк туы алдында.

(Суреттер автордың жеке мұрағатынан алынды)



Қостанай облысы әкімдігінің

2015 жылғы 9 ақпандағы №42 қаулысы

Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 24-7) тармақшасына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қыз-

меттің қоса беріліп отырған жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
Н.САДУАҚАСОВ.

Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 12 наурыздағы № 5417 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 42 қаулысымен бекітілді

Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеуінің осы Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қостанай облысының орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмысын (бұдан әрі – Психологиялық қызмет) реттейді.

2. Психологиялық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, Бала құқықтары туралы конвенция, сондай-ақ осы Қағидалар шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Психологиялық қызметтің құрылымы білім беру ұйымдарының тұрпатына, түріне және қажеттілігіне, педагог-психологтар штатының бірлік санына қарай айқындалады.

4. Психологиялық қызметтің құрамына педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, сынып жетекшілері, медициналық қызметкерлер, келісім бойынша ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді.

2. Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері

5. Психологиялық қызметтің мақсаты – білім беру ұйымдарында білім алушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және оқу-тәрбиелеу үдерісіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

6. Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабылетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;

3) білім алушылардың тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыны жеке тұрғыдан қамтамасыз ету;

4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемала-

рын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

6) білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;

7) психологиялық-педагогикалық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге (немесе оларлы ауыстыратын тұлғаларға) консультациялық көмек көрсету.

3. Психологиялық қызмет жұмысының негізгі бағыттары мен мазмұны

7. Психологиялық қызмет өз қызметін: психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық бағыттар бойынша жүзеге асырады.

8. Психодиагностикалық бағыттар:

1) олардың психикалық дамуын айқындау мақсатында білім алушыларды психологиялық диагностикалау;

2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;

3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы және икемділігін психологиялық диагностикалау;

4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша тұжырымдамалар мен ұсыныстарды дайындау.

9. Консультациялық бағыттар:

1) білім алушыларға, ата-аналар (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға) мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;

2) білім алушыларға, ата-аналар (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға) мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке консультация жүргізу;

3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;

4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру.

10. Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

1) білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;

2) білім алушылардың бейімсізділігін алдын алу;

3) әдістемелік пен педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумдарының жұмысына ықпал ету;

4) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дәрігерлерге, дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға және басқа) аралас-мамандармен өзара жұмыс жүргізу.

11. Түзету-дамытушылық бағыттар:

1) психологиялық-педагогикалық тренингтер өткізу;

2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, зияткерлік, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру.

12. Психологиялық қызмет жеке немесе топтық негізде білім алушыларға, олардың ата-аналарына (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға) және педагог қызметкерлерге жұмыстың диагностикалық, дамытушылық, түзету және профилактикалық түрлері кешенін жүргізу үшін жекелеген ғимараттарға орналасқан және қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген педагог-психолог кабинеті базасында жұмыс істейді.

13. Психологиялық қызметтің жұмысы әкімшілікпен, педагогикалық ұжыммен, медициналық қызметкерлермен, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялармен, ата-аналармен (немесе оларды ауыстыратын тұлғалармен) тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады.

14. Білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмысын білім беру ұйымының басшысы үйлестіреді.

4. Педагог-психологтың құқықтары мен міндеттері

15. Педагог-психологтың құқықтары:

1) білім беру ұйымының тұрпатына, түріне және қажеттілігіне, сондай-ақ білім бөлімі мен басқармасының ұсыныстарына сәйкес қызметтің басым бағыттарын таңдау;

2) білім алушылармен, олардың ата-аналарымен (немесе оларды ауыстыратын тұлғалармен) және педагогтармен психодиагностикалық, консультациялық, түзету-дамытушылық, ағартушылық-профилактикалық, ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстардың нысанын және әдісін таңдау;

3) кәсіптік міндеттерді шешу жолдары мен құралдарын таңдау, жұмыстардың әртүрлі түрлерін өткізудің кезектілігін белгілеу;

4) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша құжаттамалармен, мектептің білім алушылары мен педагог қызметкерлерінің жеке істерімен танысу;

5) кәсіптік міндеттерді орындауға байланысты дербес пәндер бойынша біліктілікті арттыру және жетілдіру жүйесінде мерзімді даярлаудан (қайта даярлаудан) өту;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің дамуында ауытқушылық (ақыл-ой, эмоционалды) деңгейін, сондай-ақ әлеуметтік дамуының әртүрлі бұзушылықтарын айқындау және оларды психологиялық-педагогикалық түзетуді жүргізу;

7) өзінің кәсіби құзыреттілігі мен лауазымдық міндеттері шегінде мәселелерді қарастыру және шешімдерді қабылдау;

8) өзінің құзыреттілігі шегінде әдістемелік және педагогикалық кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің (кафедра-

лардың), медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумдардың жұмысына қатысу;

9) Психологиялық қызметтің жұмысын жетілдіру мәселесі бойынша білім беру органдарына ұсыныспен шығу.

16. Педагог-психолог міндетті:

1) білім алушылардың психикалық және психологиялық денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметті жүзеге асыруға;

2) жалпы әлеуметтік, практикалық, жастық және педагогикалық психологияда психологиялық ғылымның жаңа жетістіктерімен танысады, жұмыста диагностикалық, дамытушылық, әлеуметтік-психологиялық, түзету және профилактикалық жұмыстардың заманауи ғылыми-негізделген әдістемелерін ішінара қолдануға;

3) кәсіптік құпияны жария етпеуге, диагностикалық және консультациялық жұмыс нәтижесінде алынған мәліметтерді, егер олармен танысу білім алушыға немесе оның айналасындағыларға зиян келтірсе, сондай-ақ егер сыналандарды тексеру нәтижелерінің анонимдік кепілдіктер берілген жағдайда таратпауға;

4) білім алушыларға, олардың ата-аналарына (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларға), педагогтерге жеке, кәсіптік және басқа да мәселелерді шешуде психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға;

5) тиісті біліктілік санатына аттестациядан өтуге және оны аттестациядан ойдағыдай өткен жағдайда алуға;

6) білім алушылардың бейәлеуметтік әрекеттерінің алдын алуға және оларды уақытылы түзетуді жүзеге асыруға;

7) білім беру ұйымдарында қарым-қатынастарды үйлестіруді қалыптастыруға және білім алушылардың әлеуметтік бейімсіздіктің және аутодеструктивті мінез-құлқы туындауының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға;

8) білім алушыларды, олардың ата-аналарын (немесе оларды ауыстыратын тұлғаларды) және педагогтерді психологиялық мәдениетке қалыптастыруға және дамытуға;

9) осы Қағидаларға сәйкес Психологиялық қызметтің жұмыс істеу құжаттамасын жүргізуге.

5. Психологиялық қызметтің жұмыс істеу құжаттамасы

17. Психологиялық қызметте мынадай құжаттамалар болуы керек:

1) Психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру қағидалары;

2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген педагог-психологтың перспективалық жұмыс жоспары;

3) психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін (психодиагностикалар, дамыту, түзету, ағартушылық, сараптамалық, әдістемелік жұмыстарды, жеке және топтық консультация беру, психологиялық қызметке сұраныс беру) есепке алуды тіркеу журналы;

4) психологиялық диагностикалау бағдарламаларын, психологиялық тренингтерді, дамыту және түзету жұмыстары;

5) білім алушылардың психологиялық дамуының жеке карталарын, топтық психологиялық портреттерін;

6) психологиялық сабақтардың, тренингтердің, психодиагностикалық әдістемелердің және психологиялық жұмыстың басқа да нысандарының әдістемелік әзірлемелері;

7) Психологиялық қызметтің жұмысы туралы талдамалық есептері (жарты жылдағы, оқу жылы);

8) психологиялық тексерудің нәтижелері, қорытындылары.

Постановление акимата Костанайской области

от 9 февраля 2015 года №42

Об утверждении Правил деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", подпунктом 24-6) пункта 2 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года "Об образовании" акимат Костанайской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования

Костанайской области.

2. Настоящее постановление вводится в действие по истечению десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования

Аким области
Н.САДУАКАСОВ.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов 12 марта 2015 года под № 5417

Утвержден постановлением акимата
от 9 февраля 2015 года № 42

Правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области

1. Общие положения

1. Настоящие Правила деятельности психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области (далее - Правила) регулируют деятельность психологической службы в организациях среднего образования Костанайской области (далее - Психологическая служба).

2. Психологическая служба осуществляется в рамках Конституции Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года "Об образовании", Конвенции о правах ребенка, а также настоящих Правил.

3. Структура Психологической службы определяется типом, видом и потребностями организации образования, количеством штатных единиц педагогов-психологов.

4. В состав Психологической службы могут входить педагоги-психологи, социальные педагоги, классные руководители, медицинские работники, представители родительских комитетов по согласованию.

2. Цели и задачи психологической службы

5. Цель Психологической службы - способствовать сохранению психического и психологического здоровья обучающихся, создание благоприятного социально-психологического климата в организации образования, оказание психолого-педагогической поддержки участникам учебно-воспитательного процесса.

6. Задачи Психологической службы:

1) содействие личностному и интеллектуальному развитию обучающихся, формирование способности к самовоспитанию и саморазвитию;

2) оказание психологической помощи обучающимся в их успешной социализации в условиях быстро развивающегося информационного общества;

3) обеспечение индивидуального подхода к каждому обучающемуся на основе психолого-педагогического изучения его личности;

4) проведение психологической диагностики и развитие творческого потенциала обучающихся;

5) осуществление психокоррекционной работы по решению психологических трудностей и проблем обучающихся;

ся;

6) охрана психического здоровья обучающихся;

7) оказание консультативной помощи родителям (или лицам их заменяющим) и педагогам в решении психолого-педагогических проблем в выборе оптимальных методов учебно-воспитательной работы.

3. Основные направления и содержание деятельности Психологической службы

7. Психологическая служба осуществляет свою деятельность по следующим направлениям: психодиагностическое, консультативное, просветительско-профилактическое, коррекционно-развивающее.

8. Психодиагностическое направление включает:

1) психологическую диагностику обучающихся с целью определения психического развития;

2) комплексное психологическое обследование обучающихся с целью их адаптации, развития и социализации;

3) психологическую диагностику способностей, интересов и склонностей обучающихся;

4) подготовку заключений и рекомендаций по итогам психологической диагностики.

9. Консультативное направление включает:

1) консультирование обучающихся, родителей (или лиц их заменяющих) и педагогов по их запросам;

2) индивидуальное консультирование обучающихся, родителей (или лиц их заменяющих) и педагогов по проблемам личностного, профессионального самоопределения и взаимоотношений с окружающими;

3) оказание психологической помощи обучающимся, находящимся в состоянии стресса, конфликта, сильного эмоционального переживания;

4) организацию посреднической работы в разрешении межличностных и межгрупповых конфликтов.

10. Просветительско-профилактическое направление включает:

1) содействие профессиональному росту, самоопределению обучающихся и педагогов;

2) предупреждение дезадаптации обучающихся;

3) содействие работе методического и педагогического советов и медико-психолого-педагогических консилиумов;

4) осуществление взаимодействия со специалистами - смежных профессий (врачами, дефектологами, логопедами, тифлопедагогами и другими) по решению проблем, выходящих за рамки функциональных обязанностей, профессиональной компетенции педагога-психолога и требующего участия широкого круга специалистов.

11. Коррекционно-развивающее направление включает:

1) проведение психолого-педагогических тренингов;

2) организацию психокоррекционных и развивающих занятий по гармонизации личностного, интеллектуального, эмоционально-волевого, творческого развития обучающихся и педагогов.

12. Психологическая служба функционирует на базе кабинета педагога-психолога, по возможности размещенного в отдельном помещении и обеспеченного необходимыми условиями для проведения комплекса диагностических, развивающих, коррекционных и профилактических видов работ с обучающимися, их родителями (или лицами их заменяющими) и педагогическими работниками в индивидуальном или групповом формате.

13. Работа Психологической службы осуществляется в тесном взаимодействии с администрацией, педагогическим коллективом, медицинскими работниками, психолого-медико-педагогическими консультациями, родителями (или лицами их заменяющими).

14. Деятельность Психологической службы в организации образования координируется руководителем организации образования.

4. Права и обязанности педагога-психолога

15. Педагог-психолог имеет право:

1) выбирать приоритетные направления деятельности в соответствии с типом, видом и потребностями организации образования, а также рекомендациями отдела и управления образования;

2) выбирать формы и методы психодиагностической, консультативной, коррекционно-развивающей, просветительско-профилактической, организационно-педагогической работы с обучающимися, их родителями (или лицами их заменяющими) и педагогами;

3) выбирать пути и средства решения профессиональных задач, устанавливать очередность проведения различных видов работ;

4) знакомиться с документацией по организации учебно-воспитательного процесса, личными делами обучающихся и педагогических работников школы;

5) проходить периодическую подготовку (переподготовку) в системе повышения квалификации и совершенствования по дисциплинам, связанным с выполнением профессиональных задач;

6) определять степень отклонений (умственных, эмоциональных) в развитии обучающихся, воспитанников, а также различного вида нарушений социального развития и проводить их психолого-педагогическую коррекцию;

7) рассматривать вопросы и принимать решения строго в границах своей профессиональной компетенции и должностных обязанностей;

8) принимать участие в работе методического и педагогического советов,

методических объединений (кафедр), медико-психолого-педагогического консилиума в пределах своей компетенции;

9) выходить с предложениями в органы образования по вопросам совершенствования работы Психологической службы.

16. Педагог-психолог обязан:

1) осуществлять профессиональную деятельность, направленную на сохранение психического и психологического здоровья обучающихся;

2) знакомиться с новейшими достижениями психологической науки в целом, в социальной, практической, возрастной и педагогической психологии в частности, применять в работе современные научно-обоснованные методы диагностической, развивающей, социально-психологической, коррекционной и профилактической работы;

3) не разглашать профессиональную тайну, не распространять сведения, полученные в результате диагностической и консультативной работы, если ознакомление с ними может нанести ущерб обучающемуся или его окружению, а также в тех случаях, когда испытуемым были даны гарантии анонимности результатов исследования;

4) оказывать психологическую помощь и поддержку обучающимся, их родителям (или лицам их заменяющим), педагогам в решении личностных, профессиональных и других проблем;

5) проходить аттестацию на соответствующую квалификационную категорию и получать ее в случае успешного прохождения аттестации;

6) предупреждать асоциальные действия обучающихся и осуществлять их своевременную коррекцию;

7) способствовать гармонизации отношений в организации образования и осуществлять превентивные мероприятия по профилактике возникновения социальной дезадаптации и аутодеструктивного поведения обучающихся;

8) формировать и развивать психологическую культуру обучающихся, их родителей (или лиц их заменяющих) и педагогов;

9) вести документацию деятельности Психологической службы в соответствии с настоящими Правилами.

5. Документация деятельности Психологической службы

17. Психологическая служба должна иметь следующую документацию:

1) правила организации деятельности Психологической службы;

2) перспективный план работы педагога-психолога, утвержденный руководителем организации образования;

3) журнал регистрации учета видов работ Психологической службы (психодиагностической, развивающей, коррекционной, просветительской, экспертной, методической работы, индивидуальных и групповых консультаций, запросов на психологические услуги);

4) программы психологического диагностирования, психологических тренингов, развивающей и коррекционной работы;

5) индивидуальные карты психологического развития обучающихся, групповые психологические портреты;

6) методические разработки психологических занятий, тренингов психодиагностических методик и других форм психологической работы;

7) аналитические отчеты о деятельности Психологической службы (за полугодие, учебный год);

8) результаты психологического обследования, заключения.

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған "Озат" мектеп-интернаты" КММ директорының бос лауазымына (1 бірлік) конкурс жариялайды.

Лауазымдық міндеттері: Қолданыстағы заңнамасына сәйкес оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметін ұйымдастыруына басшылық етеді. Білім беру ұйымының педагогикалық кеңесімен бірлесе отырып жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестесін, ішкі тәртіп ережелерін және өзге нормативтік актілерін әзірлеу мен бекітуін ұйымдастырады. Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес интернаттық ұйымдар өрекетінің ағымдағы және болашақты жоспарлауын ұйымдастырады. Заманауи ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарын орындауды қамтамасыз етеді. Түлектердің білім сапасына жауаптылықты тартарды. Оқу-тәрбиелеу процесі уақытында білім беру ұйымдарының білім алушылар (тәрбиеленушілер) мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді.

Оқушылар мен тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктердің,

қоғамдық, оның ішінде балалар ұйымдарының қызметіне қолдау жасайды. Оқу-тәрбиелеу процесінің әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады және жетілдіреді.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар санынан түлектердің заңды құқықтары мен мүдделерін (жеке, мүлктік, тұрғын-үй, еңбек және т.б.) қорғайды, туыстық байланыстарды қолдау үшін жағдайларды жасау бойынша шараларды қабылдайды, арнайы әлеуметтік қызметтерде қажеттілікті бағалау мен анықтау бойынша жұмысты ұйымдастырады. Белгіленген нормаларға сәйкес тәрбиеленушілер мен оқушылардың асырау мен тұру жағдайларын қамтамасыз етеді. Арнайы әлеуметтік қызметтердің бағалауын жасайды. Педагогикалық кеңеске басшылық жасайды.

Біліктілікке қойылған талаптар: жоғары педагогикалық білім мен білім беру ұйымдарында педагогикалық жұмыс етілі 5 жылдан кем емес.

Білу керек: Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы", "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы", "Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және

медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы", "Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалар қараусыздығы мен панасыздығын ескерту туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын және білім дамуының бағдары мен болашақтарын анықтайтын нормативтік құқықтық актілерін; педагогика және психология негіздерін; мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарын; педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жетістіктерін; менеджмент, қаржылық-шаруашылық қызмет негіздерін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, қауіпсіздік және өртке қарсы қорғау техникасын; санитарлық ережелері мен нормаларын.

Мемлекеттік мекеменің мекенжайы: 111000, Қостанай қ., Маяковский көшесі, 112.

Құжаттар тізімі: қоса беріліп отырған құжаттар тізімі көрсетілуімен конкурсқа қатысу туралы арыз, жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі, кадрлар есебі бойынша топтырылған жеке парағы, білім туралы құжаттың көшірмесі, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі, алдын ала медициналық куәландырудан өту туралы құжаты.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: Қостанай қ., Майлин көшесі, 2а мекенжайы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымдарында конкурсты өткізу туралы аталмыш хабарландыруды жариялау уақытынан 15 күн ішінде ұсынылуы керек, анықтамалар үшін телефон: 39-46-47, 39-46-44.

"Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Әулиекөл ауданы, Әулиекөл селосы, 1-Май көшесі, 44, № 8-кабинет, анықтама үшін телефондар: 21-006 Факс: 21-000, электронды мекенжайы: auliekol@kostanay.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналастуға ашық конкурс жариялайды:

"Әулиекөл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы, санаты Е-Р-1, лауазымдық еңбек ақысы қызмет өтіліне байланысты 109548 теңгеден 147986 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері: Бөлімге жүктелген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етеді және оған арнайы жауап береді. Бөлім қызметкерлері арасындағы міндеттерді бөледі, тиісті атқарушылық және еңбек тәртібін қамтамасыз етеді. Спорттың әр түрі бойынша ауданның құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық жарыстарға қатысуын; бұқаралық спорт пен ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз етеді. Бөлім қызметкерлерінің орындауына арналған бұйрықтарға, нұсқамаларға қол қояды. Бөлімнің билік органдарымен және басқа да атқарушы, құқық қорғау және бақылау органдарымен, түрлі меншік формаларының заңды тұлғаларымен қарым-қатынасында бөлімді ұсынады. Дене мәдениеті мен спортты дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мәселелері бойынша мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметін үйлестіреді. Қаржыландыру мәселесін басқалайды. Азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары: педагогикалық.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
- 3) ғылыми дәрежесінің болуы;
- 4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына

сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық заңы, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініші;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен Қағидалардың 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 қаулысымен бекітілген белгіленген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсандағы №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тес-

тілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (не болмаса нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Құжаттарды конкурстың өтетіндігі туралы хабарландыру соңғы жарияланған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде "Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайға: Әулиекөл селосы, 1-Май көшесі, 44, № 8-кабинет, анықтама үшін телефондар: 21-006 Факс: 21-000 ұсыну қажет.

Азаматтардың қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде берген құжаттары (қоса берілген құжаттары көрсетіле отырып құжат тігілетін мұқабаға салынған) конкурстық комиссияның қарауына қабылданады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын көшірмей ұсынады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны осы әңгімелесуге жіберілгені туралы хабарлама алған күнінен бастап **5 жұмыс күнінің ішінде** "Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" ММ-де 36 кабинетте өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін көшірмей Әулиекөл ауданы әкімі аппаратының кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар Әулиекөл ауданы әкімі аппаратының кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Азаматтар конкурсқа қатысушылардың (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Ағамыз, досымыз, әріптесіміз **МАГУЛОВ Жамбыл Минаұлы**н 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Денеің саулық, отбасыңа амандық, бар жақсылықты тілейміз. Балаларың мен немерелеріңнің ортасында, ұрпағыңның қызығына бөлене бер демекпіз. Өрт сөндірушілер ешқашан қартаймайды, жасай бер!

Тілек білдіруші ардагерлер:
К.Бимендинов, С.Исмаилов, А.Ақбаев, К.Кеншинбаев.



Мерейтой - 60!

Шаңырағымыздың алтын қазығы, балаларының ардақты әкесі, немерелерінің ақылшы атасы, аяулы жар, ақ халатты абзал жан, дәрігер-хирург **ӘБІЛДИН Қанат Мырзалымұлы**н өмірінің айтулы белесі 60 жасқа толу мерейтойымен құттықтаймыз!

Жүірік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік белесі 60 жасқа алып келді. Сіз осы белеске тың жігер, үлкен табыспен жеттіңіз. Ақ халатты дәрігер-хирург ретінде өмір үшін күрескен талай жан алдыңыздан өтіп, қол көмегіңізді алып, алғысқа бөлендіңіз. Біз Сізді өз өмірімізге үлгі етеміз, асқар тау, пана деп білеміз.

Баршаға бақытты өмір беріп, Бойымызға орнаттың сенім берік. Қашан болсын орын ап төрімізден Аман-есен жүріңіз, бақыт тілеп, – дегіміз келеді. Еңбегіңіздің рақатын көріп, отбасының тірегі, біздің мақтанышымыз болып, сыйлы ортада мәртебеңіз биіктей берсін.

Үлкен құрметпен: жұбайы - Тамара, балалары - Еркебұлан-Ақбота, Әсет-Іңкәр, Ильдар-Айнұр, немерелері - Ерсұлтан, Ернұр, Ақнұр. Осы тілекке ағасы Нағашыбай, інісі Болат, қарындасы Гүлнардың отбасы да қосылады.



Құттықтаймын!

Әулиекөл тұрғыны, ел ағасы, қадірменді азамат, інімі **ОМАРОВ Амантай Қабдуұлы**ның көрікті көктемнің 26-ші жұлдызында өрдің жасы 50-ге толатын мерейлі сәті құтты болсын. Әр жастың өзіне тән бақыты, қуанышы, игілігі, ерекше сыйы болады. Бұл күні айтылған ең жылы да мәйірімді құттықтау сөздер көңіліңнен шығып, өмір өзіңді құшағында аяласын. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройың артып, аңсаған арманыңның асуына жете бер. Аяулы жарың Жаңылсынмен бірге тек шаттыққа толы күндер кешіп, бағында бақыт құсы сайрап, сәулетіңе сай дәулет орнасын деп тілеймін.



Игі тілекпен:
апаң Жанғожина Күнсара Жанахметқызы.

Титов Виктор Викторовичтің сенімді тұлғасы Швайбович Антонида Ивановна кепілдік мүлкі сөттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл селолық округі аумағында орналасқан алаңы 138,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-031-125, алаңы 253,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-031-058, алаңы 90,0 га, кадастрлік нөмірі 12-184-031-054, алаңы 210,6 га, кадастрлік нөмірі 12-184-031-055 және Куйбышев селолық округінде орналасқан 304,5 га, кадастрлік нөмірі 12-184-037-105 бөлінетін жер телімдеріне уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы қолма қол ақшалай қаражатпен сауда өткізілген сөттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 21 сәуірде сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл селосы, Ворошилов көш., 43 үй, 1 п.

Өтінімдер жұмыс күндері 2015 жылғы 20 сәуір сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданы, Ұзынкөл селосы, Ворошилов көш., 43 үй, 1 п, тел: 87144421720.

Кепіл ұстаушының сенімді тұлғасы кепілдік мүлкі сөттан тыс өткізу бойынша сауда өткізілетіні туралы хабарлайды: Таран ауданы, Таран с/о аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған алаңы 443,2 га, кадастрлік нөмірі 12-189-026-037 жер учаскесіне 48 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану(жалдау) құқығы.

Сатып алу бағасы қолма қол ақшамен сауда өткізілетін күні енгізіледі. Сауда 13.04.2015 жылғы сағат 10-да мына мекенжайда болады: Таран ауданы, Щербиновка с., Центральная көш., 3 үй. Сенімді тұлға Мурзагазин Айдос Баризжанович, Таран с., Тернополь көшесі, 4 үй, 2 п., тел: 8 775 4119070.

Доверенное лицо залогодержателя объявляет о проведении торгов по внесудебной реализации заложенного имущества: право временного возмездного землепользования (аренды) на земельный участок сроком на 48 лет, площадью 443,2 га, расположенный на территории Тарановского с/о, Тарановского района, кадастровый номер 12-189-026-037, целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства.

Покупная цена вносится наличными деньгами в день проведения торгов. Торги состоятся 13.04.2015 года в 10 часов по адресу: Тарановский район, с.Щербиновка, ул. Центральная д.3. Доверенное лицо Мурзагазин Айдос Баризжанович, с.Тарановское., ул. Тернопольская, д. 4, кв. 2., тел: 8 775 4119070.

Попов Олег Анатольевичтің сенімді тұлғасы Шмидт Анатолий Анатольевич кепілдік мүлкі сату жөнінде сауда жариялайды:

Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Октябрь селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған кадастрлік нөмірі 12-183-078-014, алаңы 46,0 га, жер учаскесіне 24.01.2050 жылға дейін уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану, жалдау құқығы. Сауда ағылшын әдісімен (бағаны өсіре отырып) өткізіледі, кепілдік жарна қарастырылмаған.

Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен немесе аудару жолымен сауда өткізілген сөттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2015 жылғы 13 сәуірде сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Затобол к., Победа көш., 6 "А".

Өтінімдер 2015 жылғы 12 сәуірге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Набережная көш., 4 "А", телефон 8-702-728-05-16.

Доверенное лицо Попова Олега Анатольевича - Шмидт Анатолий Анатольевич объявляет торги по продаже заложенного имущества:

Право временного долгосрочного землепользования на земельный участок, аренда до 24.01.2050 года расположенный в Октябрьском сельском округе, Костанайского района, Костанайской области, предоставленное для ведения крестьянского хозяйства, с кадастровым номером 12-183-078-014, общей площадью 46,0 га.

Торги проводятся английским методом (на повышение), гарантийный взнос не предусмотрен.

Покупная цена вносится наличными или перечислением в течение 5 календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 13 апреля 2015 года в 10.00 ч. по адресу: Костанайская область, Костанайский район, п.Затобольск, ул.Победы, 6"А".

Заявки принимаются в срок до 12 апреля 2015 года месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, г.Костанай, улица Набережная 4 "А", телефон 8-702-728-05-16.

«Боранды түнде»

немесе бір фильмнің хикаясы

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Торғай өңірінің бір азаматы кино түсіріпті дегенді естіп сол фильмді көргенше асықтық. Фильм Ғабит Мүсіреповтың «Боранды түнде» атты шығармасының желісі бойынша түсірілген. Жазушының бұл шығармасын оқымаған адам кемде-кем шығар. Сол боранды күнгі оқиға көз алдыма оралды. Оралды да интернет желісін ақтара бастадым. Сонымен «Боранды түнде». Қыз алып қашу.

Оқиға желісі Жанкелдин ауданының Көкалат ауылында өрбиді. Қысқа метражды фильмді ауыл тұрғыны Жәнібек Кәкімжан түсірген. Бүгінде ол Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 4-курс студенті. Болашақ режиссер. Бұл оның алғашқы еңбегі.

Фильм басталғаннан-ақ көрерменді бірден баурап алады. Ауыл көрінісі, балалардың ойыны бәрі-бәрі шынайы берілген. Әрі бір ерекшелігі, фильм тек ауыл тұрғындарының күшімен түсірілген. Яғни, ешқандай театр әртісі де, арнайы дайындық та жоқ. Бар жүкті ауылдықтар бірігіп көтерген. Әр рөлді өзара бөліп алып, тәп-тәуір ойнап шыққан. Осымен де жанды баурап алады. Бір ауыл тұтастай осы фильмге демеуші болғаны қуантады. Әсіресе, жастар жағы жақсы бастаманы іліп әкетіп, қолдау көрсеткен.

Фильм қысқа әрі нұсқа. Басты кейіпкер Қайсардың рөлін – Смайылов Әсет, Кәменің рөлін – Абдрахманова Құндызай бейнелесе, автордың сөзін оқитын және Қайсардың Айдар атты інісін 11 жасар Кәкімжан Сәруар сомдайды. Қосымша рөлдерге: Қабдиев Есен, Алпыс Мұрат және Мәди, Төлеміс Ербол, Кәкімжан Мәдина сияқты сыныптас құрбы-құрдастары тартылыпты.

Естеріңізде болса, бұл қыз алып қашу оқиғасы, ауылдың тірлігі берілген. Енді қазір режиссер сәл өзгертіп осы оқиғаны бүгінгі күнге сай еткен. Бірақ айтар ой, негізгі оқиға желісі тап солай қалған.

Фильм автордың сөзімен баяндалады. Бұл сөздерді

оқитын кинодағы Қайсардың Айдар атты інісін 11 жасар Сәруар Кәкімжан ойнады. Жас бала бүгін 5 сынып оқушысы.

Осы орайда фильмнің басы-қасында жүрген жандармен тілдесіп, ойларын білген едік.

Жәнібек КӘКІМЖАН,
фильм режиссері:

–Бұл менің тырнақ алды жұмысым. Және осы жұмысымды туған ауылым Көлқамысқа арнағаным қуанамын. Қысқы демалыс кезінде ауылға барған болатынмын. Ауылға барсам көз көрінбес боран ұйтқып тұр. Өзім әдеби кітаптарды көп оқығанды ұнатамын. Ғабит Мүсіреповтің дәл осы шығармасы жаныма жақын. Мектепте оқып жүргенімізде осы шығарманы оқушылар бірігіп сахналаған болатынбыз. Бір жағынан дәл сол кездерде боранның басталып кетуі шабыт бергендей. Бәрі бір-бірімен сай келіп тұрғандай болды. Өз ойымды ауылдастарыма білдіріп, олар қолдады. Былтыр арнайы кинокамера сатып алған едім. Соны әрі өзімді бір сынап алмақшы болдым. Бұл менің курстық жұмысым да еді. Сырттан ешкімді іздемей, ауыл тұрғындарын, ауыл балаларын, құрбы-құрдастарымды жаңа қырынан көрсеткім келді. Ауылдықтар кино түсіріледі дегеннен әбігерге салынды. Себебі, бұл күнде бола беретін оқиға емес қой. Олар кәдімгі кең көлемді кино күтті. Бірақ мен бұл шағын фильм болатынын түсіндірдім. Енді кинода ойнаған арнайы маман болмаған соң қиындау болды. Бір эпизодты 45-50 дубльмен

түсірдік. Ал жалпы бас аяғы киноны түсіруге 4 күн кетті. Ауылдықтардың еңбегіне ризамын. Тек кей жерлерінде өзім режиссер ретінде тым созыңқырап кеткенімді мойындаймын. Фильмде барлық ауыл балаларының бірін де қалдырмай қамтуға тырыстым. Десе де, жап-жақсы дүние шықты. Ұстаздарым да оң бағасын берді.

Гүлсара САПЕНОВА,
Албарбөгет орта мектебінің биология-химия пәні мұғалімі:

– Еліміздің әр түкпірінде білім алып оқып жатқан мектеп түлектері ауылға қысқы демалысқа келіп жатқан кезі. Бірін-бірі сағына, шұңқырай көріскен ауыл жастары Жәнібектің кино түсірсем деген ойын бірден қолдапты. Фильмді көруге ауыл болып асықтық. Жәнібек кино түсіріпті деген хабар ауылға тез тарап кетті. Бұл жаңалық ұстаздар қауымын да елең еткізді. Оқушының жеңісі – мұғалімнің жемісі. Мен және менің әріптестерім Жәнібектің бұл туындысына балаша қуандық. Себебі, Жәнібек, Албарбөгет орта мектебінің үлгілі оқушыларының бірі болатын. Ол талантты, салауатты өмір салтын сақтайтын дені сау, компьютерден сауатты, дарынды, өзіндік ой-пікірін ашық айта білетін көшбасшылық қабілеті бар оқушы болып өсіп қалыптасты. Кезінде мектептегі әрбір қоғамдық жұмыстарға белсене араласып,



мерекелік іс-шараларды шебер ұйымдастыра білді. Музыкалық қабілеті зор, домбыра, гитара, баян, ямаха сынды әр түрлі музыкалық аспаптарда еркін ойнайды. Кәсіби музыкалық білімі болмаса да, табиғи дарыны, ізденісі жоғары. Мектеп қабырғасының өзінде түрлі мерекелік концерттердің сценарийін де өзі жазып, мазмұнды да, мағыналы әдеби-сазды кештерді өткізетін. Сонымен қатар мектептегі «Жас натуралистер» үйірмесінің шығармашылық зерттеу жұмыстарын бейне роликке түсіріп, оны монтаждау жұмысын да өзі жасайтын. Жәнібек жасап берген роликтеріміз аудандық байқаудан бас жүлде, облыстық «Жасыл планета» атты байқаудан жүлделі II орынды иемденді. Осы оқушымыздың жаңа технологияны ауылда отырып-ақ шебер меңгергеніне таң қалып, соған ұстаздары сүйсініп, мақтаныш тұтып отыратын. Сол кездің өзінде ол тек қана 10 сынып оқушысы болатын. Жәнібектің бойында өнерге деген бір ерекше сезім бар. Оның қабілетін академиядағы оқытушылар да көре білуге тиіс. «Алмас қылыш, қын түбінде жатпайды» дейді ғой біздің дана халқымыз. Әйтеуір бір жерден шығатыны анық.

Жалпы қазақтың кең көсіл-

ген шалқар даласының қай түкпірінің тарихына тереңдей түссең әдеби діңгегін берік орнықтырған, өнерін өрге оздырған өңір баршылық.

Ал, тарихта ерекше орын алатын өлке – біздің Торғай даласы. Оның әрбір елді мекені таланттың көзі. Бұл өлкеден ақын да, жыршы да, әнші-күйші, ғалым, жазушы, композитор да, өнертапқыш инженер де шыққан, бірақ әлі кино түсіруші режиссер шықпапты.

Бәлкім, біздің шәкіртіміз Жәнібек кино әлеміне өзіндік жолын салар, сәтін салса.

Сәруар КӘКІМЖАН,
басты рөлді сомдаған:

– Бұрын ешқандай рөлді сомдап көрмеген едім. Сондықтан, шынымды айтсам, қиындау болғаны рас. Сөздерін қайта-қайта ұмытып қала бердім. Бірақ үйреніп кеттім. Мен үшін ең қиын соққаны қыз алып қашарда жігіттер боранды түнде далада ат шапамен жүретіні бар. Сол кезде қатты тоңып қалдым. Осы фильм арқылы актер болудың оңай емес екенін түсіндім. Бойымдағы қызығушылық одан әрі арта түсті. Келешекте актер болсам деген арным бар.

СУРЕТТЕРДЕ: Фильмнен көріністер.

Меншік иесі:

“Қостанай тағы” газеті
редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Шығарушы редактор: 54-63-14
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Фототілшілер: 54-73-36
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-39-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 5-57-60
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Ұш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
(А) – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. Бағасы келісім бойынша.